



МӘДЕНИ МҰРА
ғылыми журнал

КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ
научный журнал

CULTURAL HERITAGE
science journal

ISSN: 2708-3365 (print)

ISSN: 3006-1377 (online)

№ 2 (105)

Астана
2024

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

СЫДЫҚОВ Айбек Жексеналыұлы	– PhD докторы (алқа төрағасы) (Қазақстан)
ИБРАЕВА Ақмарал Ғосманқызы	– алқа төрағасының орынбасары, Қазақстан ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)
ТАЙМАҒАМБЕТОВ Жәкен Қожахметұлы	– ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)
САМАШЕВ Зайнолла Самашұлы	– тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)
АЙМҰХАМБЕТ Жанат Әскербекқызы	– филология ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)
ҮМІТҚАЛИЕВ Ұлан Үмітқалиұлы	– тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)
МЕРЦ Виктор Карлович	– тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)
ЖАБАҒИН Мақсат	– тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)
БИҒОЖИН Ұлан Зейноллаұлы	– PhD докторы (Қазақстан)
САБИТОВ Жаксылық	– PhD докторы (Қазақстан)
ДЮПЮЙ Пауло	– PhD докторы (Қазақстан)
ҚАРА Әбдуақап	– доктор, профессор (Түркия)
ШАМИЛЬОГЛУ Юлай	– PhD, профессор (АҚШ)
АЙТПАЕВА Гулнара Амановна	– филология ғылымдарының докторы, профессор (Қырғызстан)
РАДИВОЖЕВИЧ Мильяна	– PhD, қауымдастырылған профессор (Ұлыбритания)

EDITORIAL BOARD:

Aibek Sydykov	– Doctor PhD (Chairman of the editorial board) (Kazakhstan)
Akmaral Ibrayeva	– Deputy chairman of the editorial board, Academician of the National Academy of Natural Sciences of Kazakhstan, Doctor of historical sciences, Professor (Kazakhstan)
Zhaken Taimagambetov	– Academician of NAS RK, Doctor of Historical Sciences, Professor (Kazakhstan)
Zainolla Samashev	– Doctor of Historical Sciences, (Kazakhstan)
Zhanat Aimukhambet	– Doctor of Philology, Professor (Kazakhstan)
Ulan Umitkaliev	– Candidate of Historical Sciences (Kazakhstan)
Victor Merts	– Candidate of Historical Sciences (Kazakhstan)
Maxat Zhabagin	– Candidate of Historical Sciences (Kazakhstan)
Ulan Bigozhin	– PhD (Kazakhstan)
Zhaxylyk Sabitov	– PhD (Kazakhstan)
Paula Dupuy	– PhD (Kazakhstan)
Kara Abdulvahap	– Doctor, professor (Turkey)
Uli Shamiloglu	– PhD, professor (USA)
Gulnara Aitpaeva	– Doctor of Philology, Professor (Kyrgyzstan)
Radivojevic Miljana	– PhD, Associate professor (UK)

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

СЫДЫКОВ Айбек Жексеналыевич	– PhD доктор (председатель коллегии) (Казахстан)
ИБРАЕВА Акмарал Госмановна	– заместитель председателя коллегии, Академик Казахстанской национальной академии естественных наук, доктор исторических наук, профессор (Казахстан)
ТАЙМАГАМБЕТОВ Жакен Кожаметович	– Академик НАН РК, доктор исторических наук, профессор (Казахстан)
САМАШЕВ Зайнолла Самашевич	– доктор исторических наук, профессор (Казахстан)
АЙМУХАМБЕТ Жанат Аскербековна	– доктор филологических наук, профессор (Казахстан)
УМИТКАЛИЕВ Улан Умиткалиевич	– кандидат исторических наук, профессор (Казахстан)
МЕРЦ Виктор Карлович	– кандидат исторических наук, профессор (Казахстан)
ЖАБАГИН Максат	– кандидат исторических наук, профессор (Казахстан)
БИГОЖИН Улан Зейноллаулы	– PhD доктор (Казахстан)
САБИТОВ Жаксылык	– PhD доктор (Казахстан)
ДЮПЮЙ Пауло	– PhD доктор (Казахстан)
КАРА Абдуакап	- Доктор, профессор (Турция)
ШАМИЛЬОГЛУ Юлай	– PhD, профессор (США)
АЙТПАЕВА Гулнара Амановна	- доктор филологических наук, профессор (Кыргызстан)
Радивожевич Мильяна	- PhD, ассоциированный профессор (Великобритания)

МАЗМҰНЫ / CONTENT / СОДЕРЖАНИЕ

Этнология/ Ethnology / Этнология

<i>Рахимов Е.К.</i> XIX ғасырдың қазақ қыстаулары (тарихнамалық аспекті) <i>Rakhimov Y.K.</i> Kazakh wintering quarters of the 19th century (historiographical aspect) <i>Рахимов Е.К.</i> Казахские зимовки XIX века (историографический аспект).....6	6
<i>Захидова. Х.А.</i> Шамахи қаласындағы орта ғасырлық медициналық орталықтар <i>Zahidova H.A.</i> Medieval Medical Centers of Shamakhy <i>Захидова Х.А.</i> Средневековые медицинские центры Шемахи.....21	21
<i>Рахимжанова С.Ж., Аккошкарлова Ж.Т.</i> Оңтүстік Қазақстандағы қазіргі заманғы қыш өндірісі жайлы кейбір мәліметтер <i>Rakhimzhanova S.Zh., Akkoshkarova Zh.T.</i> Some data on modern pottery in Southern Kazakhstan <i>Рахимжанова С.Ж., Аккошкарлова Ж.Т.</i> Некоторые данные о современном гончарстве в Южном Казахстане.....36	36
<i>Алиев А.</i> Грузия әзірбайжандарының дәстүрлі медицинамен емдеу әдістері (XIX-XX ғасырдың басы) <i>Aliyev A.</i> Methods of Traditional Medicine Treatment Among Georgian Azerbaijanis (Early XIX-XX Centuries) <i>Алиев А.</i> Методы лечения средствами народной медицины среди азербайджанцев Грузии (XIX– нач. XX вв.).....50	50
<i>Атдаев С.Дж.</i> Гүл-Жемал-ханша (жеке тұлғасының ерекшелігін айқындауға негізделген сипаттама) <i>Atdaev S. J.</i> Gul-Jemal-Khan (The Final Additions to the Portrait) <i>Атдаев С.Дж.</i> Гюль-Джемал-хан (последние штрихи к портрету).....62	62

Материалдық емес мәдени мұра/ Intangible cultural heritage/

Нематериальное культурное наследие

<i>Байбосынова Ұ.М.</i> Қорқыт ата мұрасы және Сыр бойының жыршылық-жыраулық дәстүрі <i>Baibosynova U.M.</i> The heritage of Korkyt ata and the tradition of zhyrshy-zhyrau of the Syr Darya region <i>Байбосынова У.М.</i> Наследие Коркыт ата и традиция жыршы-жырау Сырдарьинского региона.....81	81
<i>Самедова С.Т.</i> Оңтүстік халықтардың этномәдени байланыстарының кейбір аспектілері ежелгі кезеңдегі Кавказ (зергерлік материалдар негізінде) <i>Samedova S.T.</i> Some aspects of the ethnocultural ties of the peoples of the south Caucasus in the era of antiquity (based on jewelry materials) <i>Самедова С.Т.</i> Некоторые аспекты этнокультурных связей народов Южного Кавказа в эпоху античности (по материалам украшений).....99	99
<i>Байбосынова Ұ.М.</i> Сыр өңірі жыраулық өнеріндегі оғыздық дәстүр <i>Baibosynova U.M.</i> The Oguz Tradition in the art of Zhyrau Syr Darya <i>Байбосынова У.М.</i> Огузская традиция в искусстве жырау Сырдарьи.....118	118

Тұлғалар/Personality/ Персоналии

<i>Сыдыков А.Ж.</i> Он остаётся верным своему слову, сказанному более 50-ти лет тому назад..!.....127	127
---	-----

Этнология / Ethnology / Этнология

<https://doi.org/10.47500/2024.v18.i2.01>

FTAMP: 03.61.91.20

Рахимов Е.К.

Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі

Астана, Қазақстан

e-mail: yernur_rakhimov@mail.ru

XIX ҒАСЫРДЫҢ ҚАЗАҚ ҚЫСТАУЛАРЫ (ТАРИХНАМАЛЫҚ АСПЕКТІ)

Аңдатпа. Қазіргі заманда қазақ халқының дәстүрлі шаруашылығына деген қызығушылық айтарлықтай артты, бұл тәуелсіз Қазақстанның рухани дамуымен байланысты екені сөзсіз. Қазақтардың тарихы мен этнографиясына деген қызығушылық тек ғылыми мамандардың ғана емес, қалың бұқараның арасында да байқалады. Ата-бабаның тарихи-этнографиялық мұрасын объективті түрде зерттеп бағалау және насихаттау күн тәртібінен алынып тасталған жоқ. Осыдан оқырманға ұсынылып тұрған мақаланың мақсаты: қазақ этнологиясында аз зерттелген мәселелесіне – XIX ғасырдағы қазақтардың қыстаулары; олардың пайда болуы, құрылымы, қысқы тұрақты қоныстар мен тұрғын үйлердің формалары мен түрлерінің дамуы жазбаша деректер бойынша тарихнамалық шолу жасау. Бұл ретте төңкеріске дейінгі және қазіргі жазбаша зерттеулерге ғылыми талдау жасалынды. Қазақтың қыстаулары туралы негізгі мәліметтер М. Красовский, М. Шорманов, В. Радлов, Н. Харузин, В. Шнэ, Ф. Щербина және басқа да авторлардың еңбектерінде бар екені атап өтіледі. Бұл тақырыпты дамытуға кеңестік және отандық ғалымдар: этнологтар, археологтар – В. Востров, И. Захарова, С. Жолдасбаев, С. Әжіғали, Ж. Артықбаев және т.б. өз үлесін қосқан. Дегенмен, бұл зерттеу мәселесі этнология, этноархеология және археология тоғысуында пәнаралық әдістерді пайдалана отырып, одан әрі жан-жақты зерттеулерді қажет етеді.

Кілт сөздер: қазақтар, этнология, этнография, материалдық мәдениет, қыстау, қоныстар, тарихнама.

Дәйексөз үшін: Рахимов Е.К. XIX ғасырдың қазақ қыстаулары (тарихнамалық аспекті)

// Мәдени мұра. 2024. №2 (105). 6-20 б.(қаз.)

DOI: <https://doi.org/10.47500/2024.v18.i2.01>

Кіріспе

Қазақтың қыстауларын зерттеп білу өзекті мәселе болып тұр, себебі ол отандық этнологиялық ғылымында толық қамтылмаған. Алғаш рет бұл тақырып бойынша В.В. Востров пен И.В. Захарованың монографиясында мәліметтер беріліп, ол жалпы қазақ халқының тұрғын үй мәселесі аясында қарастырылды. Бірақ, авторлар қыстауларды қазақ қоғамындағы тіршілік әрекетінің нақты жүйесі ретінде зерттеуді өз алдына мақсат етіп қоймаған. Сондықан қысқы ғимараттардың сипаттамалық жағына үлкен мән берілді (Востров, Захарова, 1989).

Біз өз қолымызда бар жазба, этнографиялық деректерге сүйене отырып XIX ғасыр қыстауларын қазақтардың дәстүрлі тіршілігін қамтамасыз ету жүйесіндегі рөлі мен маңызын ашу міндетін қойдық. Этнология ғылымының қазіргі ұстанымынан дәстүрлі қазақ қоғамының қыс мезгіліндегі өмірін қамтамасыз ету мәселелерін зерттеу маңызды. Біз қыстауларды, ондағы құрылыстарды тұтас жүйе ретінде қарастыруды мақсат етпедік, тек тарихнамалық аспектісін қарастыруды алдымызға міндет етіп алдық.

Қазақтардың қыстауы туралы негізгі жазба деректер осы тарихи кезеңге қатысты болған соң XIX ғасыр уақытын таңдадық. Бұрынғы кезеңдердегі ақпарат үзінді немесе мардымсыз. Төңкеріске дейінгі ресейлік тарихи әдебиетінде қазақтардың отырықшы үйлері туралы ақпарат аз. Алғашқы мәліметтер XIX ғасырдың ортасындағы әдебиетте кездеседі. Бұл қысқаша жалпы сипаттамалар. Отырықшы тұрғын үй туралы толығырақ мазмұнды және егжей-тегжейлі очерктер XIX-шы

ғасырдың екінші жартысы мен XX-шы ғасырдың басына жатады.

Зерттеудің материалдары мен әдістері

Біз айқындаған мәселеге төңкеріске дейін және одан кейінгі уақытта бірнеше зерттеулер арналған еді. Соларды талдап көрейік.

Н. Харузиннің Ресейдегі көшпелі және жартылай көшпелі түркі-моңғол халықтарының тұрғын үйлері мәселесіне арналған негізгі еңбегі ерекше. 1896 жылы «Этнографиялық шолу» журналының 3 санында жарияланған оның монография екі бөлімнен тұрады. Автор өз зерттеулерінің ең басында көшпелі халықтар арасында тұрғын үй құрылысының дербес тарихының болғандығына күмән келтіреді: «Отырықшылыққа көшу кезінде Ресейдің көшпелі және жартылай көшпелі халықтары көп жағдайда олардың мәдени көршілерінің ықпалында болған. Нәтижесінде отырықшы түріктердің немесе моңғолдардың тұрғын үйлерінің тарихын толығымен тәуелсіз деп санауға болмайды: бұл түріктер немесе моңғолдар ықпалына толыққанды көшкен ұлттардың қоныстары тарихының тарауларының бірі болып табылады», - деп жазады (Харузин, 1896). Автор отырықшы өмірге келген көшпелі және жартылай көшпелі халықтар арасындағы тұрғын үй тарихының өзін жоққа шығара отырып, зерттеу тақырыбының өзіне қайшы келеді.

Монографияның бірінші бөлімінде жылжымалы тұрғын үйлердің түрлері, екіншісінде – тұрақты (яғни стационарлық) тұрғын үйлердің түрлері қарастырылады. Біздің зерттеуіміз үшін Н. Харузин еңбегінің екінші бөлімі, әсіресе қазақтарға қатысты материалдар

маңызды. Айта кету керек, автор өзінің этнографиялық бақылауларына ие болмағасын, барлық еңбегін XVI-XIX ғасырлардағы зерттеушілер мен саяхатшылардың жазба деректеріне негіздеген. Қазақтардың отырықшы үйін сипаттау кезінде автор Ақмола облысы қазақтары туралы В. Шнэнің материалдарын кеңінен пайдаланады. Ембі өңіріндегі қазақтардың жертөле үйлерін егжей-тегжейлі сипаттай отырып, Харузин сол жерде болған Леваневскийдің материалдарын пайдаланады. Ертіс қазақтарының отырықшы үйлерін сипаттау кезінде Н. Харузин Катанаевтың қазақтар мен казактардың өзара қарым-қатынасы туралы материалдарын, ал Бөкей хандығы бойынша ағасы А. Харузиннің еңбегін пайдаланады.

Н. Харузиннің қазақтардың отырықшы өмір салтына көшу мәселесі туралы пікірлері құнды. Оның деректері бойынша Бөкей Ордасының қазақтары бірінші болып қоныстанған, олардың 2/3 бөлігі 1862 жылға қарай тұрақты қыстауларға ие болды. Автор қазақтардың қоныстануы көші-қон үшін бос орындардың жоқтығынан орын алғанын өте орынды атап көрсетеді (Харузин, 1896: 63).

Ақмола облысы қазақтарының тұрақты қыстаулары туралы ең толық және егжей-тегжейлі мәліметтер берген В. Шнэнің өз бақылауының нәтижесінде жазылған мақаласы Ақмола қазақтарының отырықшы баспанасына арналғанды. Бұл еңбекте XIX ғасырдың 80-жылдары Ақмола облысында болған қыстаулардың алуан түрлері жан-жақты сипатталған, сонымен қатар құрылыс жабдықтары, жоспарлануы, безендірулері, қосалқы құрылыстары, тіпті олардың құны да келтірілген (Шнэ, 1894). Қазақ қыстаулары туралы негізгі

жазба деректердің бірі ретінде осы еңбекті ерекше атап өтуге болады.

Шығыс Қазақстан үшін қысқы тұрғын үйлер туралы ең қызықты мәліметтерді Н. Коншиннің Ертіс өңіріндегі қазақ шаруашылығының экономикасына арналған «Очерки экономического быта киргиз Семипалатинской области» мақаласында келтіреді. Ол осы өлкедегі қазақтардың қоныстану процесіне баға беруге мүмкіндік беретін статистикалық мәліметтерді кеңінен пайдаланған. Қарастырып отырған тарихи кезеңнің тұрақты тұрғын үйлер жөнінде сенімді, бірақ біршама үзінді сипаттамаларды Г. Катанаевтың, А.К. Гейнстің, Г.Н. Потаниннің, Н. Пахомовтың шығармалынан табамыз (Востров, Захарова, 1989: 5-6).

Далалық өңір қазақтарының шаруашылығы мен тұрмысы туралы көлемді материал статист Ф. Щербинаның жетекшілігімен далалық өлкелерді зерттеу экспедициясы жинап, әзірлеген көптомдық «Материалы по киргизскому землепользованию» қамтылған. Бұл қомақты еңбек кесте түрінде ұсынылған орасан зор статистикалық материал үшін ғана емес, сонымен қатар құнды мәтіндік деректер де береді. 18 томда авторлар Ертіс өңірі қазақтарының қиын әлеуметтік-экономикалық жағдайын күйзеліспен жазады. Бізді байырғы халықтың қоныстану процесі мен сипатын, қыстауларды ретке келтіруді сипаттайтын мәліметтер, олардағы қоныстанған елді мекендердің таралуы туралы статистикалық деректер қызықтырды (Материалы, 1902).

Қазақтардың қыстаулары, олардың құрылымы мен орналасуы, оларға меншік құқығы туралы маңызды мәліметтер XIX ғасырдың ірі қоғам қайраткері М. Шормановтың

мақалаласында берілген (Чорманов, 1871). Оның кейбір деректерін этнолог Ж. Артықбаевтың XIX ғасырдағы қазақ қоғамының этноәлеуметтік құрылымының мәселелерін қамтитын монографиясында пайдаланды. Оның «Казахское общество: традиции и инновации» еңбегі сол замандағы қазақ қоғамының объективті көрінісін ашады. Бізді қызықтыратыны – ғалымның қазақтардың қоныстану проблемалары және тұрақты проблемаларының пайда болуы туралы пікірі, оның ішінде осы қайшылықты өтпелі кезеңде қысқы тұрғын үйлер. Шығарманың айрықша ерекшелігі – автор Қазақстанның тарих-этнология ғылымында алғаш рет этнос пен қоғамды біртұтас тұтастық ретінде қарастыра отырып, оның әрбір құрылымдық бөлігін талдап зерттеді (Артықбаев, 2003).

Көрнекті этнограф, лингвист, фольклортанушы, археолог, Ресей Ғылым академиясының академигі В.В. Радловтың қазақ халқы туралы этнографиялық жазбалары ғылым үшін өте маңызды. Оңтүстік Сібірге, Қазақстанға, Орта Азияға бірнеше рет саяхат жасады. Оның қазақтар туралы этнографиялық сипаттамалары 1988 жылы «Наука» баспасынан (Мәскеу) алғаш рет орысша аудармасында жарық көрген «Из Сибири» саяхат күнделігіне енгізілді. Мұнда ғалымның қазақтардың қыстаулары, олардың құрылымы, қыстауларды дұрыс таңдаудың маңыздылығы, қыстауларға меншік құқығы туралы жазбаларын таптық (Радлов, 1988). Бұл деректер М. Шормановтың мәліметтерімен сәйкес келеді.

Бұл мәселені зерттеу барысында біз отандық ғалымдардың ұжымдық еңбегі – 1995 жылы жарық көрген және қалың оқырманға жақсы таныс

«Казахи» тарихи-этнографиялық зерттеуін пайдаландық (Казахи, 1995). Кітапта қазақ халқының дәстүрлі материалдық және рухани мәдениетінің барлық мәселелері тарихи контексте ашылған. «Тұрғын үйлер» және «Елді мекендер» бөлімдері қазақ қыстауларында қамтиды. «Хозяйство казахов на рубеже XIX-XX вв. (тарихи-этнографиялық атлас материалдары)» атты ұжымдық монографиясында қазақтың қыстауларына қатысты құнды мәліметтер табылады (Хозяйство, 1980).

Этноархеолог С. Әжіғали қазақтар арасындағы отырықшылық мәселесіне көлемді мақаласын арнаған. Мұнда қазақ малшылары арасындағы қоныстардың пайда болуы мен дамуы, оның ішінде көшпелілер арасында тұрақты қыстақтардың пайда болуы мәселесі жан-жақты қарастырылған. Автор жазба деректермен қатар археологиялық деректерді де кеңінен пайдаланады (Ажигали, 2002).

Зерттеуімізде пайдаланылған негізгі зерттеу әдістер: этнологиялық, тарихнамалық талдау, салыстыру. Осыдан біздің мақаламыз этнография ғылымының тарихы мен тарихнама салаларының түйісуінде орындалды.

Негізгі бөлім

Қазақстан территориясында қоныстанған тұрғын үйлердің пайда болу уақыты туралы мәселе толық зерттелмеген, бірақ археологиялық деректерге сүйене отырып, қоныстанудың ерте түрлері туралы пайымдауға болады. Олардың пайда болуы қазақтардың отырықшы егіншілік мәдениетімен байланысты болуы керек, ал археологиялық деректер елді мекендердің сонау XV-XVIII ғасырларда болғанын көрсетеді.

Этноархеолог С. Жолдасбаев 1969-1970 жылдары Сырдарияның орта ағысы мен Қаратаудың солтүстік сілемдері аралығындағы аймақта осы кезеңге жататын қазақтың алғашқы тұрақты қоныстарын тапқан (Жолдасбаев, 1972; Жолдасбаев, 1974). Ғалым Жетісу өңірінде 150 астам қыстаулар мен 400-ден астам тұрғын үйлер орнын тауып ашқан. Табылған қысқы қоныстардың барлығы желден жақсы қорғалған тау шатқалдарында немесе Шу, Іле және басқа да өзендердің жағасында, сондай-ақ Балқаш өңірінде орналасқан екен. Әр шатқалда 3-5 шаруа қожалығы, әр шаруашылықтың бір немесе қосбөлмелі тұрғын үйлері мен қоралары болған (Жолдасбаев, 1989: 392).

Ол уақытша және тұрақты қоныстардың төрт түрін ажыратады: қыстау, қыстақ – қыстау-қоныс, уақтылы қорған – саз және тас қабырғалармен және арықтармен нығайтылған уақытша қамал, кент, қала – тұрақты қоныс. Олардың ішінде қыстаулар көп таралған түрі болды (Жолдасбаев, 1975; Жолдасбаев, 1976).

Мәдениеттанушы Ө. Жәнібеков қазақ халқының мәдениетіне арналған кітабында қазақтардың этнографиясының беделді зерттеушісі С.И. Руденконың қазақ қыстауларының ертеден пайда болғанын атап өткен сөзін келтіреді: «Қысқы баспаналарға келсек, олардың типологиялық тұрақтылығы, өте кең таралу аймағы және басқа да бірқатар ой-пікірлер олардың үлкен ежелгілігін айғақтайды» (Джанибеков, 1990).

Қазақтар ата-бабалары қоныстанған жерлерге қоныстанған, өйткені бұл жер сонау ерте заманның өзінде адамдардың өмірі мен шаруашылық қызметіне қолайлы болып саналған.

Мұны көрнекті ғалым С. Әжіғали де растайды: «...соңғы қазақ стационарлық қыстауының қалыптасуында аумақтың экономикалық дамуының терең тарихи тәжірибесі маңызды рөл атқарды. Қазақстанның көптеген аймақтарында археологиялық зерттеулерде жақсы байқалған көне қоныстар мен дәстүрлі қысқы жолдардың экологиялық сабақтастығы жақсы байқалады» (Ажигали, 2002: 173).

Қазақтарда тарихи тұрғыда қоныстардың екі негізгі түрі дамыды – уақытша және стационарлық, олардың функционалдық нұсқалары: іс жүзінде уақытша (қысқа мерзімді); уақытша маусымдық; стационарлық маусымдық және стационарлық отырықшы (жыл бойы) (Ажигали, 2002: 153).

Ж. Артықбаев былай жазады: «...XIX ғасырға дейін қысқы орындарында тұрақты үймереттер құрылысы өте сирек кездеседі. Ал XVIII ғасыр ірі тайпалар арасындағы ең жақсы қыстаулар үшін үздіксіз күреспен сипатталады» (Артықбаев, 2003: 201). Мұндай пікірді қазақ этнографиясының білгірі М. Шормановтан да табамыз «...халық аңыздарында қыстаулар үшін болған сұрапыл шайқастар мен қырғындар туралы естеліктер көптеп сақталған» (Шорманов, 1871: 2).

Қыстайтын жерлерге тұрақты қоныстар салу мал қыстауы мен қора-жайларын ретке келтірумен тікелей байланысты. Бұл туралы С. Әжіғали былай деп жазады: «Көшпелілер арасында тұрақты қоныстану элементтерінің пайда болуы, ең алдымен, белгілі бір шаруашылық ауылының еңбек шығындарының айқын белгілерін көрсететін мал қораларының орналасуымен байланысты болды – мысалы, тас қоралар немесе төлге арналған орындар. Бұлар үстіңгі

жағынан қамыспен немесе қылшық ағашпен жабылған. Бұл, сондай-ақ еңбек шығындарының басқа да айқын белгілері қыстауларды одан әрі стационарлық етіп орналастыруға негіз болды» (Ажигали, 2002: 162). Сондай-ақ Ж. Артықбаев қазақтардың XIX ғасырдың ортасынан бастап мал шаруашылығы үшін тұрақты қыстауларды жаппай салуға көшкенін, бұл қыстауларға тұрғын үй салудың кең тарағанын көрсетеді (Артықбаев, 2003: 205).

Осылайша, Қазақстанның негізгі аумағында стационарлық қыстақтардың кең ауқымды құбылыс ретінде дамуының алғы шарттары негізінен XIX ғасырдың ортасына қарай дамыды, мұны төңкеріске дейінгі көптеген авторлар дәлелдейді.

XIX ғасырдың 2-ші жартысында Ресей империясының отаршылдық саясаты қазақ жер пайдалану жүйесінен қолайлы жердің едәуір бөлігін тартып алуға әкелді. Көш жолдардың қысқаруына байланысты қазақтар қыстауларға көбірек қоныстануға мәжбүр болды. Жайылымдық алқаптардың қысқаруына және қыстақтардың құнының артуына байланысты, ондағы шабындық пен егіншіліктің дамуына байланысты қыстақтарды жеке ауылдарға, тіпті отбасыларға меншіктеу қажеттілігі туындады. Қыстауларды бекітудің тағы бір әдісі тұрақты ғимараттар салу болды.

XIX ғасырда көшпелілердің жартылай отырықшы және отырықшы өмір салтына жаппай көшуі бірқатар себептерге байланысты болды және ең алдымен, отаршылдардың (казактар, қоныс аударушылар, өнеркәсіпшілер және т.б. – авт.) пайдасына орасан зор жерлерді тартып алу арқылы іске асты.

Бұл көп жағдайда жайылымдардың

маусымдық ауыстыру циклінің бұзылуына әкеп соқты, онсыз мал шаруашылығын, шөп шабу мен егістік алқаптарын табысты дамыту мүмкін емес болды. Көшпелі шаруашылық мал шаруашылығын қамтамасыз етуге жеткіліксіз жер телімдерімен шектелді. Шаруашылық жүргізудің жаңа формалары қажет болды. Осы мақсатта қысқы азық қорын құру, ауыл шаруашылығы дақылдарын қарқынды өсіру үшін шөп шабу дамыды. Мұндай шаруашылықты жартылай отырықшы және отырықшы өмір салтынсыз жүргізу мүмкін емес еді. Сондықтан, жұмысшылардың негізгі бөлігі уақыт өте келе қыста отырықшы үйлердің артықшылығын көбірек түсінгенін ескермеу мүмкін емес.

Қыстаулардағы тұрақты ғимараттың бір түрі шошала. Оны этнограф В. Шнэ өз еңбегінде егжей-тегжейлі сипаттайды: «Шошала тұрғын үйдің бір түрі болып табылады, бірақ жылылығымен де, салыстырмалы жайлылығымен де ерекшеленбейді және сыртқы түрі қазақтың киіз үйіне ұқсайды. Оңтүстікте ағашсыз аймақта оның қабырғалары 2 аршын жоғары шымтезектен, ішке қарай аздап көлбеу етіп тұрғызылған. Доғал конусты киізбен жабылған кәдімгі шаңырақ толықтырады. Атбасар ауданында қазақтардың жиі кездесетін қыстаулары осы шошала. Солтүстік орманды бөлікте шошала сегіз қырлы жақтаудан жасалған, төбесі киіз үйдегідей шаңырақпен жабылған. Көбінесе дөңгелек қабырғалар жер мен көңмен толтырылған екі қабатты дуалдан салынған. Конус тәрізді еңіс сырықтардан жасалған, оның ұшы қабырғаларға бекітілген, ал үстіңгі жағы шошаланың ішіндегі төрт бағанға тірелген шеңбер немесе төртбұрышта жатыр. Мұндай шатырдың беткейлері

қамыспен, қылшық ағашпен және шыммен жабылған, ал ашық төбесі киізбен жабылған. Есіктің орнына қазақтар кіреберісте не шиден немесе қамыстан тоқылған төсеніш, не киіз төсеніш түсіреді. Шошала қазақтарға біріншіден, асхана ретінде қызмет еткен, екіншіден, ол күндіз-түні кедей жұмысшылардың тұрақты мекені болған» (Шнэ, 1894: 12).

Байқап отырғанымыздай, шошала бірте-бірте өзінің бастапқы мақсатын жоғалтып, бірте-бірте қыстайтын қосалқы бөлмеге айналды. Бұдан Н. Харузин «Жартылай отырықшы өмірге көшу және қарабайыр тұрғын үйлерді неғұрлым дамыған түрлермен ауыстыру кезінде ескі формалар жойылмайды: олар шаруашылық қажеттіліктерге бейімделіп, басқалармен бірге салынды» деген әділ пікір шығарады. Шынында, күрделі тұрғын үй ғимараттары, соның нәтижесінде бір аулада бола отырып, оның дамуының негізгі сәттерінде үйдің тарихын қадағалауға мүмкіндік береді. Сонымен, қазақ байының әдемі үйінің қасында жұмысшылардың баспанасына немесе жартылай жерге батып кеткен, терезесіз, қарабайыр ошағы бар қарабайыр жертөле орналасқан. Оның қасында қонақтар мен жұмысшыларға арналған қос, дәл сол жерде топырақтан көтерілген киіз үй сипатты шошала бар» (Харузин, 1896: 71).

Жартылай қазылып орнатылған жертөлені (басқа атаулары – жеркепе, жер үй) тікбұрышты жер үсті ғимараттарға көшудің басы деп санау керек. Ертеректе жертөлелер қыстау үшін салынған және кедейлердің баспанасы болған. Олар тереңдігі бір метрден сәл асатын төртбұрышты шұңқырға орнатылған. Шұңқырдың шеттерін бойлай 50-80

см биіктікте, шұңқыр тереңдігінің 1/3 бөлігінде қабырғалар тұрғызылып, тегіс шатырмен жабылып, шөпті топырақпен жабылған. Есік үшін баспалдақтар немесе тегіс түсу ұйымдастырылды.

XIX ғ. 2-жартысында Қазақстанның далалық аймағындағы стационарлық қыстауда жеркепелер мен жертөлелер басым болды. Кейіннен жер үсті тұрғын үйлер тарала бастады. Жер үсті төртбұрышты қысқы үйлердің пайда болуы XIX ғасырдың 40-60 жылдарынан басталады, ал 80-90 жылдарға қарай қазақтардың түгелі дерлік қыстауларға ие болған.

Маралды қазақтары туралы Ф. Щербина мәліметін келтірейік: «Осыдан 70-80 жыл бұрын (егер Щербинаның еңбегін құрастырған кезден алсақ, бұл шамамен 1820-30 жылдар – авт.) қазақтар жыл бойы киіз үйде өмір сүріп, кейін жеркеп жасап, одан кейін шым, қыш кірпіш, бөренеден үй салуды үйренді» (Материалы, 1902: 90).

Қыстаудың құрылымы туралы М. Шормановтың еңбегінен білуге болады. Ол былай деп жазады: «Әр қыстауда қоршаудан, тақта тастан немесе шымтезектен жылы аулалар салынады. Олар жабылады немесе тіректерден жасалған қарапайым қоршаулар ретінде болады. Қазақтар өз үйлерін күйіне қарай не ағаштан, не жалпақ тастан, тіпті қыш кірпіштен салады. Кедейлер қыс бойы жылытылған киіз үйлерінде тұрады» (Чорманов, 1871).

XIX ғасырдағы қазақтардың қыстаулары – бұл сыртқы түрі климаттық және табиғи-тарихи жағдайларға, сондай-ақ меншік иесінің экономикалық әл-ауқатының дәрежесіне байланысты құрылыс. Шығыс Қазақстанның таулы аймақтарында қыстаулар тастан және ағаштан тұрғызылған және олар

негізінен тау аңғарларында орналасқан. Дала бөлігінде шым мен тастан жасалған қыстаулар, солтүстік аймақтарда ағаштан жасалған үйлер басым болса, оңтүстігінде кірпіштен қаланған тұрғын үйлер көп болған (Артыкбаев, 2003: 219).

Н. Харузиннің айтуынша Бөкей хандығы қазақтарында (Еділ мен Жайық аралығын мекендеген қазақтар – авт.) қамыс үйлер жиі кездесетін болған. Олар Ертіс өңірінде де белгілі болған, бірақ жергілікті қазақтар қамыстан көтерілген үймереттерді тек шаруашылық құрылыс ретінде пайдаланған (Харузин, 1896: 21).

М. Шорманов XIX ғасырдың ортасында Баянауыл тауларында қыстаулары орналасқан Павлодар уезінің Жанқозы-Айдабол және Қаржа болыстары негізінен ағаш үйлер салған. Жерлестерінің тұрмыс-тіршілігін жетік білген ол былай деп жазады: «Ағаш жетпеген жерде қазақтар қыстауын шикі кірпіштен салған, ал мүлде ағашсыз тауларда ғимараттар жабайы тастан, ал Ертіс алқабында шымтезектен тұрғызылған. Кедейлер киіз үйлерін жылытып қыстаған» (Шорманов, 1871: 3).

М. Красовскийдің деректері бойынша 1862 жылы Баянауыл сыртқы округінде 58 ағаш, 823 тас және 2000-ға жуық жеркепе үйлер болған екен. Аталған ауданда Көкшетау, Атбасар, Ақмола, Қарқаралы округтерімен салыстырғанда тас үйлер әлдеқайда көп болды (Красовский, 1868).

Ағаш үй құрылысы XIX ғасырдың екінші жартысында қарқынды жүргізілді. Ғасырдың соңына қарай Семей облысының үш уезінде (Өскемен, Семей және Зайсан) 12 474 ағаш құрылысы болған, бұл үйлердің 22,6%-ын құраған (Казахи, 1995: 130).

Словцовтың жазбаларына сүйене отырып, Н. Харузин Ақмола

облысының қазақ байы Тотановтың ағаш үйінің сипаттамасын береді. Бұдан шығатыны, үш бөлмелі үйде бірі орыс, екіншісі голландтық екі пеш болған. Терезелердің сипаттамасы таң қалдырады: «үйдегі терезелер бірдей емес биіктікте болды, өйткені олар бір уақытта кесілмеді, қала базарларында мүмкін болғанда сатып алынып орнатылды». Қазақ байының сипатталған қыстауы шарбақпен қоршалған 24 баспанадан тұратын шағын ауыл ретінде болған (Харузин, 1896: 46).

Жартылай отырықшы, отырықшы тұрмысқа көшкен қазақтар негізінен бір және қосбөлмелі үйлер салған. Оларға екі, кейде үш жағынан іргелес, ортақ шатыры бар шаруашылық құрылыстары (малқоралар, қоймалар) орналастырылған. Бірыңғай кешен сол кезде практикалық болды: тұрғын үйден шығу жабық ауланың ішіне кірді, бұл оны қысқы жел мен қардың үйінділерінен қорғады. Кіреберістің бұл орналасуы мал бағу процесінде және ең бастысы қасқырлар мен қарақшылардан сақталуы үшін қолайлы деп саналды.

«Қыстайтын аймақтардың ерекшелігі – адам үйлері мен мал қораларының тығыз байланысы. Жақындығы соншалық, қазақтың үйіне кіргіңіз келсе, барлық дерлік аулалар мен малға арналған шарбақтарды аралап өтуге тура келеді», - деп жазады В. Шнэ (Шнэ, 1894: 2).

Тұрғын үйдің өзі, әдетте, кіреберісі жоғары, ұзартылған түтін шығаратын мұржасы бар ерекше қабырғалық пешпен жылытылды, ол бөлім қызметін де атқарды.

Үйдің шатыры былай тұрғызылды. Үйдің көлденең қабырғаларының қабырғаларының үстіне бойлық

арқалық төселді, кейде бөлменің өлшеміне байланысты оған параллель тағы екі бүйірлік арқалықтар орналастырылды, олар бір-бірімен арқалықтар арқылы байланыстырылды, оларға сырғауылдар салынды. төсеніштермен жабылды, олардың үстіне қалың қамыс төселді. Содан кейін барлығы шөпті топырақпен жабылды. Төбесі сабан аралас сазмен сыланды. Қабырғалары да балшықпен сыланып әктелді (Джанибеков, 1990. 224-225).

В. Шнэ Ақмола қазақтарының қыстауын былай сипаттайды: «Тұрғын үй екіге бөлінеді. Оның алдыңғы жартысы төменгі арқалықтан алдыңғы қабырғаға дейін тақтайшалардан немесе кесілген бөренелерден жасалған төсеніштерден тұрады. Жататын орын жерден $\frac{1}{4}$ аршын немесе одан да жоғары көтерілді. Сол жерде қазақ отбасы бүкіл уақытын өткізген. Жертепенің екінші жартысы, есікке қарай шаруашылық қызметте пайдаланылды. Мұнда бұрыштардың біріне пеш қойылған.

Барлық пештер қыш кірпіштен жасалған. Жеркепенің қабырғалары сылануда; қабырғалары мен пештері әктелген. Пеш екі бөліктен тұрады, төбеге жақын жерде бірдей түйісетін екі бөлек құбыр және екі оттық орналасқан. Терезелердің көлемі шаршы аршын. Терезенің жақтауына жасыл, күңгірт шыны, көбінесе кепкен қарын салынған. Жеркепенің сыйымдылығы өте мардымсыз» (Шнэ, 1894: 3). Бұл сипаттама орманды дала және дала зоналарының көпшілігіне тән еді.

Тағы В. Шнэден оқимыз: «Қазақтар үйлерінің кіреберістерінің астына мал қора жасайды. Жеркепенің бүйір қабырғаларына оң-сол жақтан қазақтар ұсақ малға арналған тағы бір жеркепе көтеріп жатыр. Бұл қора, көлемі мал саны

мен жыл сайынғы өсуіне сәйкес келеді, ал оның қорасы үлкен болса да, барлық жерде дерлік қазақ үйінен екі есе үлкен. Олардың жанында тағы екі жеркепе бар. Біреуі кедей жұмысшылар үшін баспана, екіншісі қойма рөлін атқарады. Сипатталған құрылыстар бүкіл қазақ шаруашылығының орталығы болып табылады. Олардың айналасында жеңілірек құрылыстар топтастырылған. Қазақтар жер үйін жалғастырып, алдыңғы жағын қамыспен, шіріген шөппен, желбезектермен бірге топырақ үйіп, ені $\frac{1}{2}$ аршын, ұзындығы 3 сажан болатын қабырға тұрғыза береді. Бұл қабырға тік бұрышпен бүгіліп, жеркепенің бүйірлеріне одан әрі параллель келеді. Осылайша, қыстау алаңының үш жағынан үлкен аумақты байланыстыратын оқпан тұрғызылады. Ал жекпелер қорғанмен шектелген кеңістіктің ортасында қалады. Тегіс төбелер немесе 30 бағандағы шатыр тірек сырғауылдардан жасалған. Олар әр түрлі діңгектер мен шымтезекпен жабылған. Үстінде қамыс үйіледі» (Шнэ, 1894: 5).

В. Шнэ тұрғын үйдің өзін былай сипаттайды: «Үй немесе төле қайың ағашынан жасалған 15-17 бөренеден тұратын. Төбесі бір өлшемдегі тақталардан жасалып, үстіне қамыс, жер, шым үйілген. Үй әрқайсысында бір немесе екі терезе бар бір немесе екі бөлмеден тұрады. Бір ғана кіреберіс есігі дала қыстауындағыдай ауладан жасалған. Бөлмелер қабырғамен бөлінген, онда өтуден басқа, қалғандары тек пешке арналған орын. Еден бүкіл тұрғын үй бойынша орындалады, ал оның үстіне қабаттар салынған.

Қабырғаларға киім-кешек, ер-тоқым, арба, киіз төсеніш, кілемдер ілінген. Кереуеттер төсенішпен, киізбен, кілеммен жабылған - түнде мұнда

төсектер жасалады. Пештің далалық қыстаудағы пештен таңқаларлық айырмашылығы бар, оның дизайны ресейлік пешке немесе голланд деп аталатын пешке ұқсас. Еденнен сәл биіктікте бөрене қаңқасын жасап, үстіне пеш орнатады» (Шнэ, 1894: 12).

Қорытынды

Сонымен дала аймағындағы қыстау құрылымы өте күрделі болып көрінеді - тұрғын үйден басқа, оған бірнеше жабық алаңқайлар, қоймалар, іргелес шабындықтардың аумақтары, егістік жерлер, бақшалар кірді. Көбінесе қыстауға іргелес жатқан шаруашылық территорияны мал ауламау үшін арықпен қазып, қоршап алған (Ажигали, 2002: 178).

Қазақтарда XIX-XX ғасырлар тоғысында көбінесе көшпелі емес, жартылай көшпелі мал шаруашылығы кең таралған болды. Ол мал ұстаудың, егіншіліктің, шөп шабудың, қыста бір жерде тұрудың жайылымдық-жартылай қора жүйесімен және осыған байланысты тасымалданатын киіз үйден басқа стационарлық қыстақтардың болуымен сипатталды.

Қыстаудың қазақтар өміріндегі орасан зор маңызын М. Шормановтың жазбаларынан білуге болады, ол: «Қазақтардың әрқайсысының қыстауы оның ең қымбат естеліктері болып табылатын қасиетті мұра болып табылады» (Шорманов, 1871: 3).

С. Әжіғали «...көшпелі мал шаруашылығы жүйесінде және халықтың тұрмыс-тіршілігін қамтамасыз етуде қысқы қоныстардың маңызы зор болды, оның негізгісі мал шаруашылығын сақтау қалу болды» деген әділ пікір айтады (Ажигали, 2002: 163).

Тұрақты қыстақтардың пайда болуы

мәселесінде біз Ж. Артықбаевтың «...XIX ғасырдағы қыстаулардың пайда болуы – ауыл шаруашылығының шиеленіскен мәселелерімен және, әрине, отырықшы өмірге көшумен байланысты өтпелі кезеңнің өнімі», – деген пайымдауымен келісеміз (Артықбаев, 2003: 219).

Күнкөріске деген қажеттілік қазақтарды егіншіліктің, кәсіптің, қолөнердің әр алуан түрлерінің қарқынды дамуына әкелді және шым мен тастан жасалған стационарлық үйлердің, жеркепе мен жертөлелердің және киіз үй тәріздес ғимараттардың бастапқы түрлерінің пайда болуына әкелді.

Қазақтардың тұрмыс-тіршілігінде де өзгерістер болды, оған көшіп келген шаруалармен қарым-қатынастың ықпалы зор болды. Бұл туралы В. Шнэ былай деп жазады: «Көптеп сайын орыс халқына жақындай түскен көшпенділер бірте-бірте өздерінің өзіндік ерекшеліктерін жоғалтып, жат өмір салтының ерекшеліктерін оңай сіңіріп алады. Сондықтан арба орнына орыс арбаларын, ағаш шөміштер мен кеселердің орнына терең саз, фарфор кесе мен саптыаяқтарды жиі көресіз; көшпенділердің баспаналарында биік үстелдер, орындықтар, тіпті шамдар мен айналар пайда болды» (Шнэ, 1894: 17).

Негізінде қазақтың тұрақты баспанасы жеткілікті зерттелмеген. Мәселенің жеткілікті дамымағандығынан бізде стационарлық тұрғын үйлердің осы немесе басқа түрінің таралу шекаралары туралы мәліметтер жоқ. Дегенмен, бір нәрсе анық – ата-бабаларымыздың қуаң дала, шөл және шөлейт жағдайларына бейімделу тәжірибесін шаруашылықты ұйымдастыруда, күнделікті тұрмыс құрылымында ғана емес, ежелгі дәуірден

бастау алған құрылыс мәдениетінің салт-дәстүрінен де байқауға болады.

Елді мекендердің сипаты мен қызметтері ең алдымен белгілі бір аумақ тұрғындарының шаруашылық және мәдени іс-әрекет ерекшеліктерімен анықталады, ал олардың нысандары негізінен қоршаған географиялық ортаның жағдайларымен (ландшафт, климат) белгіленеді. Бұған төңкеріске

дейін құрастырылған жазбаша деректер дәлел. Солардың қарапайым талдауы XIX ғасырдағы қазақтардың тіршілігін қамтамасыз ету жүйесі мен қызметінде қыстаулардың орасан зор маңызы болғанын көрсетті. Қазақ даласының қатал климаттық жағдайын ескеретін болсақ, бұл этностың өмір сүруіндегі ерекше орын алады деп қорытындылауға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

1. Ажигали С.Е., 2002. Традиционная система скотоводческого поселения казахов (в историческом развитии) // Этнографо-археологические комплексы: проблемы культуры и социума. Новосибирск: Наука. С.3-146
2. Артыкбаев Ж.О., 2003. Казахское общество: традиции и инновации. Астана: Парасат әлемі. 290 с.
3. Востров В.В., Захарова И.В., 1989. Казахское народное жилище. Алма-Ата: Наука. 186 с.
4. Джанибеков У., 1990. Эхо. Алма-Ата: Өнер. 304 с.
5. Жолдасбаев С., 1989. Зимовки-поселения и жилища казахов Семиречья (XVI-XIX вв.) // Взаимодействие кочевых культур и древних цивилизаций. Алма-Ата: Наука. С. 390-394.
6. Жолдасбаев С., 1972. О казахских оседлых поселениях, найденных во время археологических поисков в 1969-1970 гг. // Поиски и раскопки в Казахстане. Алма-Ата: Наука. С. 187-193.
7. Жолдасбаев С., 1975. Поселение Актас-мечеть (XVII-XIX вв.) // Древности Казахстана. Алма-Ата: Наука. С. 86-93.
8. Жолдасбаев С., 1974. Раскопки укрепленного поселения Жалгыз-Там (XV-XVIII вв.) // В глубь веков. Алма-Ата: Наука. С. 173-187.
9. Жолдасбаев С., 1976. Типы оседлых поселений казахов по данным археологических исследований Южного и Центрального Казахстана (XV-XIX вв.) // Прошлое Казахстана по археологическим источникам. Алма-Ата: Наука. С. 46-58.
10. Казахи (историко-этнографическое исследование). 1995. Алматы: Казахстан. 352 с.
11. Красовский М., 1868. Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами генерального штаба. Область сибирских киргизов. Ч. III. С.-Пб. 273 с.
12. Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей. /Под ред. Ф.Щербины. 1902. Т.18. Павлодарский уезд. Воронеж. 383 с.
13. Радлов В.В., 1888. Из Сибири. Москва: Наука. 749 с.

14.Харузин Н., 1896. История развития жилища у кочевых и полукочевых тюркских и монгольских народностей России. Ч. II. Типы постоянных жилищ // Этнографическое обозрение. Кн. XXIX. – М., 1896. – № 2-3.

15.Хозяйство казахов на рубеже XIX-XX вв. (материалы к историко-этнографическому атласу). 1980. Алма-Ата: Наука. 252 с.

16.Чорманов М., 1871. Зимовки или зимние кочевки // Семипалатинские областные ведомости. № 37. С. 2-3.

17.Шнэ В., 1894. Зимовка и другие постоянные сооружения кочевников Акмолинской области // Записки ЗСОРГО. Кн. 17. Вып. 2. С. 21-44.

References

1. Azhigali S.E., 2002. Tradicionnaya sistema skotovodcheskogo poseleniya kazahov (v istoricheskom razvitii) [Traditional system of pastoral settlement of Kazakhs (in historical development)] // Etnografo-arheologicheskie komplekсы: problemy kultury i sociuma. – Novosibirsk: Nauka. Pp.3-146. [in Russian]

2. Artykbaev Zh.O., 2003. Kazahskoe obshestvo: tradicii i innovacii. [Kazakh society: traditions and innovations] Astana: Parasat alemi. 290 p. [in Russian]

3. Vostrov V.V., Zaharova I.V., 1989. Kazahskoe narodnoe zhilishe. [Kazakh folk housing] Alma-Ata: Nauka. 186 p. [in Russian]

4. Dzhanibekov U., 1990. Eho. [Echo] Alma-Ata: Oner. 304 p. [in Russian]

5. Zholdasbaev S., 1989. Zimovki-poseleniya i zhilisha kazahov Semirechya (XVI-XIX vv.) [Wintering settlements and dwellings of the Kazakhs of Semirechye (XVI-XIX centuries)] // Vzaimodejstvie kochevyh kultur i drevnih civilizacij. Alma-Ata: Nauka. Pp. 390-394. [in Russian]

6. Zholdasbaev S., 1972. O kazahskih osedlyh poseleniyah, najdennyh vo vremya arheologicheskikh poiskov v 1969-1970 gg. [About Kazakh settled settlements found during archaeological searches in 1969-1970] // Poiski i raskopki v Kazahstane. Alma-Ata: Nauka. Pp. 187-193. [in Russian]

7. Zholdasbaev S., 1975. Poselenie Aktas-mechet (XVII-XIX vv.) [Settlement Aktas-mosque] // Drevnosti Kazahstana. Alma-Ata: Nauka. Pp. 86-93. [in Russian]

8. Zholdasbaev S., 1974. Raskopki ukreplennogo poseleniya Zhalgyz-Tam (XV-XVIII vv.) [Excavations of the fortified settlement of Zhalgyz-Tam (XV-XVIII centuries)] // V glub vekov. Alma-Ata: Nauka. Pp. 173-187. [in Russian]

9. Zholdasbaev S., 1976. Tipy osedlyh poselenij kazahov po dannym arheologicheskikh issledovanij Yuzhnogo i Centralnogo Kazahstana (XV-XIX vv.) [Types of settled settlements of Kazakhs according to archaeological research in Southern and Central Kazakhstan (XV-XIX centuries)] // Proshloe Kazahstana po arheologicheskim istochnikam. Alma-Ata: Nauka. Pp. 46-58. [in Russian]

10. Kazahi (istoriko-etnograficheskoe issledovanie). [Kazakhs (historical and ethnographic research)]. 1995. Almaty: Kazakhstan. 352 p. [in Russian]

11. Krasovskij M., 1868. Materialy dlya geografii i statistiki Rossii, sobrannye oficerami generalnogo shtaba. Oblast sibirskih kirgizov. [Materials for the geography and statistics of Russia, collected by officers of the General Staff. Region of the Siberian Kirghiz] Ch. III. S.-Pb. 273 p. [in Russian]

12. Materialy po kirgizskomu zemlepolzovaniyu, sobrannye i razrabotannye ekspeditsiej po issledovaniyu stepnyh oblastej. [Materials on Kyrgyz land use collected and developed by expeditions to study the steppe regions] /Pod red. F.Sherbiny. 1902. T.18. Pavlodarskij uezd. Voronezh. 383p. [in Russian]
13. Radlov V.V., 1988. Iz Sibiri. [From Siberia]. Moscow: Nauka. 749 p. [in Russian]
14. Haruzin N., 1896. Istoriya razvitiya zhilisha u kochevyh i polukochevyh tyurkskih i mongolskih narodnostej Rossii. Ch. II. Tipy postoyannyh zhilish [The history of the development of housing among the nomadic and semi-nomadic Turkic and Mongolian peoples of Russia. Part II. Types of permanent housing] // Etnograficheskoe obozrenie. Kn. XXIX. M. № 2-3. [in Russian]
15. Hozyajstvo kazahov na rubezhe XIX-XX vv. (materialy k istoriko-etnograficheskomu atlasu). [Economy of the Kazakhs at the turn of the 19th-20th centuries. (materials for the historical and ethnographic atlas)]. 1980. Alma-Ata: Nauka. 252 p. [in Russian]
16. Chormanov M., 1871. Zimovki ili zimnie kochevki [Wintering or winter migrations] // Semipalatinskie oblastnye vedomosti. № 37. Pp. 2-3. [in Russian]
17. Shne V., 1894. Zimovka i drugie postoyannye sooruzheniya kochevnikov Akmolinskoj oblasti [Wintering and other permanent structures of nomads of the Akmola region] // Zapiski ZSORGO. Kn. 17. Vyp. 2. Pp. 21-44. [in Russian]

Рахимов Е.К.

Национальный музей Республики Казахстан

Астана, Казахстан

e-mail: yernur_rakhimov@mail.ru

КАЗАХСКИЕ ЗИМОВКИ XIX ВЕКА (ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЙ АСПЕКТ)

Аннотация. В современное время интерес к традиционному хозяйству казахского народа значительно возрос, что, несомненно, связано с духовным развитием независимого Казахстана. Интерес к истории и этнографии казахов наблюдается не только среди научных специалистов, но и среди широкой общественности. Объективное исследование и оценка историко-этнографического наследия предков не сняты с повестки дня. Цель предлагаемой читателю статьи – провести историографический обзор малоизученного вопроса в казахской этнологии – зимних поселений казахов в XIX веке: их виды, структура, развитие форм и типов зимних постоянных поселений и жилищ по письменным данным. При этом был проведен научный анализ дореволюционных и современных письменных исследований. Отмечается, что основные сведения по казахским зимовкам содержатся в трудах М. Красовского, М. Шорманова, В. Радлова,

Н. Харузина, В. Шнэ, Ф. Щербины и других авторов. Значительный вклад в разработку данной темы внесли советские и отечественные ученые: этнологи, археологи – В. Востров, И. Захарова, С. Жолдасбаев, С. Ажигали, Ж. Артыкбаев и другие. Тем не менее данная исследовательская проблема требует дальнейшего комплексного исследования междисциплинарными методами на стыке этнологии, этноархеологии и археологии.

Ключевые слова: казахи, этнология, этнография, материальная культура, зимовки, поселения, историография.

Для цитирования: Рахимов Е.К. Казахские зимовки XIX века (историографический аспект) // Мадени мұра. 2024. №2 (105). 6-20 с. (каз.)

DOI: <https://doi.org/10.47500/2024.v18.i2.01>

Rakhimov Y.K.

National Museum of the Republic of Kazakhstan

Astana, Kazakhstan

e-mail: yernur_rakhimov@mail.ru

KAZAKH WINTERING QUARTERS OF THE 19TH CENTURY (HISTORIOGRAPHICAL ASPECT)

Abstract. In modern times, interest in the traditional economy of the Kazakh people has increased significantly, which is undoubtedly associated with the spiritual development of independent Kazakhstan. Interest in the history and ethnography of the Kazakhs is observed not only among scientific specialists, but also among the general public. An objective study and assessment of the historical and ethnographic heritage of ancestors has not been removed from the agenda. The purpose of the article is the historiographical review of a little-studied issue in Kazakh ethnology - winter settlements of Kazakhs in the 19th century: their types, structure, development of forms and types of winter permanent settlements and dwellings according to written data. At the same time, a scientific analysis of pre-revolutionary and modern written research was carried out. It is noted that the main information on Kazakh wintering is contained in the works of M.Krasovsky, M.Shormanov, V.Radlov, N.Kharuzin, V.Shne, F.Shcherbina and other authors. A significant contribution to the development of this topic was made by Soviet and domestic scientists: ethnologists, archaeologists - V.Vostrov, I.Zakharova, S.Zholdasbaev, S.Azhigali, Zh.Artykbaev and others. However, this research problem requires further comprehensive research using interdisciplinary methods at the intersection of ethnology, ethnoarchaeology and archaeology.

Keywords: Kazakhs, ethnology, ethnography, material culture, wintering

quarters, settlements, historiography.

For citation: Rakhimov Y.K. Kazakh wintering quarters of the 19th century (historiographical aspect) // Madeni mura. 2024. №2(105). 6-20 p. (kaz.)

DOI: <https://doi.org/10.47500/2024.v18.i2.01>

Автор туралы мәлімет:

Рахимов Ернур Кендибаевич – PhD, Қазақстан Республикасының Ұлттық музейінің жетекші ғылыми қызметкері, Астана, Қазақстан.

Сведения об авторе

Рахимов Ернур Кендибаевич - PhD, ведущий научный сотрудник Национального музея Республики Казахстан, Астана, Казахстан.

Information about the author

Rakhimov Yernur Kendibaevich - PhD, Leading Researcher at the National Museum of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan, Astana, Kazakhstan

Zahidova H.A.

Institute of History named after. A.A. Bakikhanov
National Academy of Sciences of Azerbaijan
Baku, Azerbaijan
e-mail: heqiqettzahidova@gmail.com

MEDIEVAL MEDICAL CENTERS OF SHAMAKHY

Abstract. The article deals with the activities of medical centers functioning in Shirvan province, known as the center of science and culture of Azerbaijan in the Middle Ages. It is said that during this period, Malham Medical Center had become well known for its scientific and medical activities. It was known far beyond the borders of Azerbaijan. According to the sources of the time, the founder of the center, Kafieddin Omar ibn Osman, a great philosopher, alchemist, astronomer, etc., who had encyclopedic knowledge and was characterized as an expert in scientific areas. Kafieddin Omar ibn Osman, with his high medical knowledge, helped many people found healing and did his best for them to regain their healthy life. He was the uncle of Khagani Shirvani, a prominent representative of classical Azerbaijani literature. Khagani always remembered him with great respect in his works and saw him on a par with famous figures of the world.

Данная статья является лишь малой частицей того, чего заслуживает описание такой незаурядной личности, каковой была Гюль-Джемал-хан. Многие исторические факты, связанные с ее персоной, еще не выяснены и до конца не изучены. Но каждый, пусть даже самый незначительный факт, представляет собой весомый штрих к ее портрету. Излагая жизнь и деятельность Гюль-Джемал-хан, мы погружаемся в ту историческую среду, в которой решалась судьба туркменского народа. Это было сложное время, полное социального драматизма, политического накала и борьбы.

Литература

1. Абдирашидов З., 2011. Аннотированная библиография Туркестанских материалов в газете «Тарджуман» (1883-1917). Токио: TIAS Central Eurasian Research Series. 233 с.
2. Абду-с-Саттар Казы, 1914. Книга рассказов о битвах текинцев: Туркменская историческая поэма XIX в. СПб: Императорская АН. 82 с.
3. Азотов Г., 1893. Воспоминания об экспедиции в Ахал-Теке 1879-1881 гг. // Разведчик. №166. 14 декабря. С. 1019–1021.
4. Алиханов-Аварский М., 1904. Закаспийские воспоминания. 1881–1885 // Вестник Европы. №9. С. 73–125.
5. Алиханов-Аварский М., 1904. Закаспийские воспоминания, 1881–1885 // Вестник Европы. №10. С. 445–495.
6. Альбом фотографий «Кавказ и Средняя Азия». Тома 1-4. Ответственность: Н.

Ордэ. Год издания: между 1890 и 1899.

7. Аннаоразов Д.С., Аннаоразова Д.А., 2023. Женщина в традиционном обществе: ханша Гюльджемал, которая добилаь всего, о чем ни одна женщина-мусульманка и мечтать не могла // Традиционные общества: неизвестное прошлое. Челябинск. С. 150–161.

8. А. Р. Письма англичанина из Мерва, 1881. // Военный сборник. № 11. С. 176–206.

9. Атдаев С. Дж., 2023. Легко ли быть ханом? // Традиционные общества: неизвестное прошлое. Челябинск. С. 5–66.

10. Барц Э.Р., 1910. Орошение в долине реки Мургаба и Мургабское Государево имение. – СПб: Типография общества глухонемых. 173 с.

11. Всемирная иллюстрация. 1887. №955. С. 372.

12. Гродеков Н. И., 1883. Война в Туркмении. Поход Скобелева в 1880–1881 гг. Т.2. –СПб: Тип. В. Балашова. 336 с.

13. Духовская В., 1913. Туркестанские воспоминания. СПб. 103 с.

14. Котюкова Т. В., 2008. Туркестанское направление Думской политики России (1905-1917 гг.). М.: Энттер-Графико. 201 с.

15. Марков Е. Л., 1892. В Туркмении (Путевые очерки) // Русское обозрение. №5. С. 47–109.

16. Мейер Ю. К., 1995. Записки последнего кирасира // Российский Архив: История Отечества в свидетельствах и документах XVIII–XX вв.: Альманах. М.: Студия ТРИТЭ: Рос. Архив. С. 547–636.

17. Молланепес (к 200-летию со дня рождения поэта), 2010. М.: Щербинская типография. 160 с.

18. Нива. 1910. №5. С. 97.

19. Потто В.А., 1889. Царская семья на Кавказе. 18 сентября – 14 октября 1888 года. –Тифлис: Типография Окружного штаба Кавказского военного округа. 238 с.

20. Пребывание на Кавказе в 1888 г. Их Императорских Величеств // Кавказский календарь на 1889. Тифлис: Тип. канцелярии Главнокомандующего гражданскою частью на Кавказе, 1888. С. 1–81.

21. Присоединение Туркмении к России (сборник архивных документов), 1960. Ашхабад. 824 с.

22. Россия и Туркмения в XIX веке. К вхождению Туркмении в состав России. 1946. Ашхабад: Туркмен. гос. изд-во. 327 с.

23. Самойлович А., 1907. Туркменский поэт-босьяк Кёр-Молла, и его песня о русских // Живая Старина. Вып. IV. С. 215–225.

24. Семенов А. А., 1909. Очерки из истории присоединения вольной Туркмении (1881–1885 гг.). По архивным данным. Ташкент. 122 с.

25. Соегов М., 2020. О графических портретах и словесных характеристиках Махтумкули-хана, сына Нурберди-хана // Народы и культуры Саяно-Алтая и сопредельных территорий. – Абакан: Хакаское книжное издательство имени В.М. Торосова. С. 156–160.

26. Соегов М., 2017. Британские участники событий 1918 года о членах первого туркменского правительства // Вестник Казахстанско-Американского свободного университета. Общие вопросы филологии. Выпуск 2. Усть-Каменогорск. С. 83–90.

27. Тихомиров М. Н., 1960. Присоединение Мерва к России. М.: Восточная

литература. 240 с.

28. То, что мне вспомнилось... Воспоминания князя Иллариона Сергеевича Васильчикова., 2002. М.: Олма Пресс. 191 с.

29. Туган-Мирза-Барановский В. А., 1881. Русские в Ахал-Теке. 1879 г. СПб. Тип. В. В. Комарова, 1881. 177 с.

30. Чарыков Н.В., 1914. Мирное завоевание Мерва. (Из воспоминаний о походе генерала А.В. Комарова в 1885 г.) // Исторический вестник. № 11. С. 486–518.

31. Russia in Central Asia in 1889 and the Anglo-Russian question by the Hon. George N. Curzon. M.P., 1889. London and New York, London, Green and co.. 477 p.

32. Russia's Railway Advance into Central Asia; Notes of a Journey from St. Petersburg to Samarkand by George Dobson., 1890. London: W. H. Allen & Co. 439 p.

33. The Merv Oasis travels and adventures east of the Caspian during the years 1879-80-81, including five months' residence among the Tekkés of Merv by Edmond O'Donovan special correspondent of the 'Daily news'. Vol. II. G.P. Putnam's Sons. New York, 1883. 500 p.

34. The Russians at Merv and Herat, and their power of invading India. By Charles Marvin. London, 1883. 470 p.

35. Through the heart of Asia over the Pamir to India. By Gabriel Bonvalot. Vol. 1. London: Chapman and Hall, Limite, 1889. 281 p.

36. Yetişgin M., 2007. The Anglo-Russian Rivalry, Russia's Annexation of Merv and the Consequences of the Annexation on Turkmens // Bilig. Türk Dünyası Sosyal Bilimler Dergisi. No 40, pp. 141-167.

37. Türkmen hanlary we serdarlary. Ensiklopediýa. 2020. Aşgabat: Ýlymly, 163 s. [на туркменском языке].

References

1. Abdirashidov Z., 2011. Annotirovannaya bibliografiya Turkestanskikh materialov v gazete «Tardzhuman» (1883-1917) [Annotated bibliography of Turkestan materials in the newspaper "Tardjuman" (1883-1917)]. Tokio: TIAS Central Eurasian Research Series. 233 p. [in Russian]

2. Abdu-s-Sattar Kazy., 1914. Kniga rasskazov o bitvakh tekintsev: Turkmenskaya istoricheskaya poema XIX v. [Book of stories about the battles of the Tekins: Turkmen historical poem of the 19th century] SPb: Imperatorskaya AN. 82 p. [in Russian]

3. Azotov G., 1893. Vospominaniya ob ekspeditsii v Akhal-Teke 1879-1881 gg. [Memories of the expedition to Ahal-Teke 1879-1881] // Razvedchik. № 166. 14 dekabrya. P. 1019-1021. [in Russian]

4. Alikhanov-Avarskiy M., 1904. Zakaspiyskiye vospominaniya. 1881–1885 [Transcaspian memories. 1881–1885] // Vestnik Yevropy. №9. P. 73–125. [in Russian]

5. Alikhanov-Avarskiy M., 1904. Zakaspiyskiye vospominaniya, 1881–1885 [Transcaspian memories, 1881–1885] // Vestnik Yevropy. №10. P. 445–495. [in Russian]

6. Al'bom fotografiy «Kavkaz i Srednyaya Aziya» [Album of photographs "Caucasus and Central Asia"]. Toma 1-4. Otvetstvennost': N. Orde. God izdaniya: mezhdu 1890 i 1899. [in Russian]

7. Annaorazov D.S., Annaorazova D.A., 2023. Zhenshchina v traditsionnom obshchestve: khansha Gyul'dzhemal, kotoraya dobilas' vsego, o chem ni odna zhenshchina-musul'manka

i mechtat' ne mogla [A woman in a traditional society: Khansha Guljemal, who achieved everything that no Muslim woman could even dream of] // Traditsionnyye obshchestva: neizvestnoye proshloye. Chelyabinsk. P. 150-161. [in Russian]

8. A. R. Pis'ma anglichanina iz Merva [Letters from an Englishman from Merv], 1881// Voyennyy sbornik.. № 11. P. 176-206. [in Russian]

9. Atdayev S.J., 2023. Legko li byt' khanom? [Is it easy to be a khan?] // Traditsionnyye obshchestva: neizvestnoye proshloye. Chelyabinsk. P. 58-66. [in Russian]

10. Barts E.R., 1910. Orosheniye v doline reki Murgaba i Murgabskoye Gosudarevo imeniye [Irrigation in the valley of the Murgab River and the Murgab Sovereign Estate]. SPb: Tipografiya obshchestva glukhonemykh. 173 p. [in Russian]

11. Vsemirnaya illyustratsiya [World illustration]. 1887. №955. P. 372. [in Russian]

12. Grodekov N. I., 1883. Voyna v Turkmenii. Pokhod Skobeleva v 1880–1881 gg. [War in Turkmenistan. Skobelev's campaign in 1880–1881.]. T. 2. SPb: Tip. V. Balashova. 336 p. [in Russian]

13. Dukhovskaya V., 1913. Turkestanskiye Vospominaniya [Turkestan memories]. SPb. 103 p. [in Russian]

14. Kotyukova T. V., 2008. Turkestanskoye napravleniye Dumskoy politiki Rossii (1905-1917 gg.) [Turkestan direction of the Duma policy of Russia (1905-1917)]. M.: Enter-Grafiko. 201 p. [in Russian]

15. Markov Ye. L., 1892. V Turkmenii (Putevyye ocherki) [In Turkmenistan (Travel Stories)] // Russkoye obozreniye. №5. P. 47-109. [in Russian]

16. Meyyer YU. K., 1995. Zapiski poslednego kirasira [Notes of the last cuirassier] // Rossiyskiy Arkhiv: Istoriya Otechestva v svidetel'stvakh i dokumentakh XVIII—XX vv.: Al'manakh. M.: Studiya TRITE: Ros. Arkhiv. P. 547-636. [in Russian]

17. Mollanepes (k 200-letiyu so dnya rozhdeniya poeta), 2010. [Mollanepes (on the 200th anniversary of the poet's birth)]. M.: Shcherbinskaya tipografiya. 160 p. [in Russian]

18. Niva [Niva]. 1910. №5. p. 97. [in Russian]

19. Potto, V.A., 1889. Tsarskaya sem'ya na Kavkaze. 18 sentyabrya – 14 oktyabrya 1888 goda [The royal family in the Caucasus. September 18 – October 14]. Tiflis: Tipografiya Okruzhnogo shtaba Kavkazskogo voyennogo okruga. 238 p. [in Russian]

20. Pribyvaniye na Kavkaze v 1888 g. Ikh Imperatorskikh Velichestv [Arrival of Their Imperial Majesties in the Caucasus in 1888] // Kavkazskiy kalendar' na 1889. Tiflis: Tip. kantselyarii Glavnokomanduyushchego grazhdanskoyu chast'yu na Kavkaze, 1888. P. 1-81. [in Russian]

21. Prisoyedineniye Turkmenii k Rossii (sbornik arkhivnykh dokumentov), 1960. [Accession of Turkmenistan to Russia (collection of archival documents)]. Ashkhabad. 824 p. [in Russian]

22. Rossiya i Turkmeniya v XIX veke., 1946. K vkhozhdeniyu Turkmenii v sostav Rossii [Russia and Turkmenistan in the 19th century. Towards the entry of Turkmenistan into Russia]. Ashkhabad: Turkmen. gos. izd-vo. 327 p. [in Russian]

23. Samoylovich A., 1907. Turkmenskiy poet-bosyak Kor-Molla, i yego pesnya o russkikh [Turkmen poet-tramp Ker-Molla, and his song about Russians] // Zhivaya Starina. Vyp. IV. P. 215-225. [in Russian]

24. Semenov A. A., 1909. Ocherki iz istorii prisoyedineniya vol'noy Turkmenii (1881–1885 gg.) [Essays on the history of the annexation of free Turkmenistan (1881–1885)]. Po

arkhivnym dannym. Tashkent. 122 p. [in Russian]

25. Soyegov M., 2020. O graficheskikh portretakh i slovesnykh kharakteristikakh Makhtumkuli-khana, syna Nurberdi-khana [On graphic portraits and verbal characteristics of Magtymguly Khan, son of Nurberdi Khan] // *Narody i kul'tury Sayano-Altaya i sopredel'nykh territoriy*. Abakan: Khakasskoye knizhnoye izdatel'stvo imeni V. M. Torosova. P. 156 -160. [in Russian]

26. Soyegov M., 2017. Britanskiye uchastniki sobytiy 1918 goda o chlenakh pervogo turkmenskogo pravitel'stva [British participants in the events of 1918 about members of the first Turkmen government] // *Vestnik Kazakhstansko-Amerikanskogo svobodnogo universiteta. Obshchiye voprosy filologii*. Vypusk 2. Ust'-Kamenogorsk. P. 83–90. [in Russian]

27. Tikhomirov M. N., 1960. Prisoyedineniye Merva k Rossii [Annexation of Merv to Russia]. M.: Vostochnaya literatura. 240 p. [in Russian]

28. To, chto mne vspomnilos'... Vospominaniya knyaz'ya Illariona Sergeyevicha Vasil'chikova, 2002. [What I remembered... Memoirs of Prince Illarion Sergeevich Vasilchikov]. M.: Olma Press. 191 p. [in Russian]

29. Tugan-Mirza-Baranovskiy V. A., 1881. Russkiye v Akhal-Teke [Russians in Ahal-Teke]. 1879 g. SPb. Tip. V. V. Komarova. 177 p. [in Russian]

30. Charykov N.V., 1914. Mirnoye zavoyevaniye Merva. (Iz vospominaniy o pokhode generala A.V. Komarova v 1885 g.) [Peaceful conquest of Merv. (From memories of the campaign of General A.V. Komarov in 1885)] // *Istoricheskiy vestnik*. № 11. P. 486-518 [in Russian]

31. Russia in Central Asia in 1889 and the Anglo-Russian question by the Hon. George N. Curzon. M.P. London and New York, London, Green and co., 1889. 477 p.

32. Russia's Railway Advance into Central Asia; Notes of a Journey from St. Petersburg to Samarkand by George Dobson. London: W. H. Allen & Co., 1890. 439 p.

33. The Merv Oasis travels and adventures east of the Caspian during the years 1879-80-81, including five months' residence among the Tekkés of Merv by Edmond O'Donovan special correspondent of the 'Daily news'. Vol. II. G.P. Putnam's Sons. New York. 1883. 500 p.

34. The Russians at Merv and Herat, and their power of invading India. By Charles Marvin. London. 1883. 470 p.

35. Through the heart of Asia over the Pamir to India. By Gabriel Bonvalot. Vol. 1. London: Chapman and Hall, Limited. 1889. 281 p.

36. Yetişgin M., 2007. The Anglo-Russian Rivalry, Russia's Annexation of Merv and the Consequences of the Annexation on Turkmens. // *Bilig. Türk Dünyası Sosyal Bilimler Dergisi*. No 40, pp. 141-167.

37. Türkmen hanlary we serdarlary. Ensiklopediya. 2020. Aşgabat: Ylymly. 163 p. [in Turkmen]

Атдаев С. Дж.

Түркіменстан Ғылым академиясы
Тарих және археология институты
Ашхабад, Түркіменстан
e-mail: serdar63atdayev@gmail.com

ГҮЛ-ЖЕМАЛ-ХАНША (ЖЕКЕ ТҰЛҒАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІН АЙҚЫНДАУҒА НЕГІЗДЕЛГЕН СИПАТТАМА)

Аннотация. Мақалада XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы түркімен тарихындағы тарихи тұлғалардың бірі Гүл-Жемал ханшаның тұлғалық болмысына талдау жасалған. Атақты түрікмен басшысы Нұр Берді ханның әйелі түрікмен тайпаларын біріктіру ісін сәтті жалғастырды. Бұл ханшаның есімін тарихи деректерде жиі кездестіруге болады және қазіргі таңда зерттеуге алынып жүрген тақырыптың бірі. Алайда бұл тақырыпта арнайы ауқымды еңбек жоқ деуге болады. Ғылыми мақалада автор мүмкіндігінше осы олқылықтың орнын толтыруға тырысқан. Мақаланы жазу барысында тақырыпқа қатысты терең зертеу жүргізілді, материалмен ұқыпты және мұқият жұмыс істеу баспасөз беттерінде қайталанатын нақты емес деректерден және көптеген жалған ақпараттардан аулақ болуға көмектесті.

Гүл-Джемал ханша Мерв оазисіндегі қоғамдық-саяси және экономикалық қызметтерді табысты атқарды. Ресейге және оның шет аймақтарына бірнеше рет барғандығы туралы деректер бар (1888 жылы Бакуде, 1904, 1909, 1910 және 1913 жылдары Петербургте). Ғылыми мақалада Түркімен әйелдерінің көшбасшысы болған танымал тұлға Гүл-Жемал ханшаның өмірі, саяси қызметі туралы тың мәліметтерді ғылыми айналымға қосуға әрекет жасалды.

Кілт сөздер: әйел көшбасшы, Ханша, Мерв, Санкт-Петербург, қайырымдылық, қамқорлық, билік.

Дәйексөз үшін: Атдаев С. Дж. Гүл-Жемал-ханша (жеке тұлғасының ерекшелігін айқындауға негізделген сипаттама) // Мәдени мұра. 2024. №2 (105). 62-80 б. (орыс.)

DOI: <https://doi.org/10.47500/2024.v18.i2.05>

Atdaev S.J.

Institute of History and Archeology
Academy of Sciences of Turkmenistan
Ashgabat, Turkmenistan
e-mail: serdar63atdaev@gmail.com

GUL-JEMAL-KHAN (THE FINAL ADDITIONS TO THE PORTRAIT)

Annotation. The article attempts to highlight the image of Gul-Jemal Khan, one of the brightest personalities in Turkmen history of the late 19th – early 20th

centuries. Being the wife of the famous Turkmen leader Nur-Berdy Khan, she successfully continued his work of uniting the Turkmen tribes. The name of this khansha is often found in historical sources and mentioned in modern studies, but there is, one might say, no special large-scale work on this topic. We, in turn, tried to fill this gap as far as possible. When writing this article, we had to be content with the small amount of material that is available for review. Careful work with the material helped to avoid confusion and numerous mistakes repeated in the press when presenting the life of this remarkable person. Gul-Jemal Khan successfully coped with socio-political and economic activities in the Merv oasis. Throughout her life, she repeatedly managed to visit Russia and its outskirts (in Baku - in 1888, in St. Petersburg - in 1904, 1909, 1910 and 1913). In this work, it was able to partially restore some details from the life of this amazing woman, loving mother and recognized leader - Gul-Jemal Khan.

Keywords: female leader, khan, Merv, Saint Petersburg, charity, patronage, authority.

For citation: Atdaev S. J. Gul-Jemal-Khan (The Final Additions to the Portrait) // Madeni mura. 2024. №2(105). 62-80 p. (rus.)

DOI: <https://doi.org/10.47500/2024.v18.i2.05>

Сведения об авторе:

Атдаев Сердар Джумаевич, кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник, Институт истории и археологии, Академия наук Туркменистана, Ашхабад, Туркменистан.

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7509-5513>

Автор туралы мәлімет:

Атдаев Сердар Джумаевич, тарих ғылымдарының кандидаты, Түркіменстан Ғылым академиясы, Тарих және археология институтының жетекші ғылыми қызметкері, Ашхабад, Түрікменстан.

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7509-5513>

Information about the author:

Atdaev Serdar, candidate of historical sciences, leading researcher, the Institute of History and Archeology, the Academy of Sciences of Turkmenistan, Ashgabat, Turkmenistan.

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7509-5513>

Материалдық емес мәдени мұра/ Intangible cultural heritage/ Нематериальное культурное наследие

FTAMP 17.71

<https://doi.org/10.47500/2024.v18.i2.06>

Байбосынова Ұ.М.

Қазақ ұлттық өнер университеті

Астана, Қазақстан

e-mail: ulzhan_mb@mail.ru

ҚОРҚЫТ АТА МҰРАСЫ ЖӘНЕ СЫР БОЙЫНЫҢ ЖЫРШЫЛЫҚ-ЖЫРАУЛЫҚ ДӘСТҮРІ

Аңдатпа. Мақалада Сыр бойы жыраулық мектебінің байырғы тарихи тамыры мен ортақ түркілік байланыстары қарастырылады. Автор өз зерттеу мақаласында ортақ түркі халықтарына тиесілі жыраулық өнердің шығу тегін Қорқыт ата жыраулық дәстүрімен байланыстырып, оның таралу аймағы мен XIX ғасырдың екінші жартысына дейінгі жалғастығын талдайды. Мақаланың негізгі мақсаты: Сыр бойы жыраулық мектебінің тарихи шығу тегіне анықтама бере келе, ортақ түркілік дүниетанымның қайнар көзі ретінде түсіндіру, қазақ халқының жыршылық дәстүріндегі жыраулардың кейінгі мәдени трансформациясына талдау жасау болып табылады. Автор бұл мақсатқа қол жеткізу үшін арнайы әдебиеттер мен тарихи деректерді, көрнекті жыршылардың шығармаларының нұсқаларын пайдаланған. Қорқыт ата дәстүрінен жалғасын тауып келе жатқан жыраулық өнердің қазақ жеріндегі жалғасын көрсете келе, оның өзгерістері мен өзіндік сарынын зерделеп, нақты тарихи жырлармен айшықтайды. Сыр сүлейлері шығармаларының эстетикалық, педагогикалық, философиялық қайнар көзі Қорқыт ата жыраулық дәстүрінен тарқайтыны дәлелденеді.

Сыр сүлейлерінің дәстүрлі жыраулық өнерінің бастауы ретінде Қорқыт ата мұрасының жыршылық дәстүрдің жергілікті өңірде жан-жақты жетіліп, жалғасқанын көрсетеді. Оны XIX–XX ғғ. Мұса Байзақұлы, Құлан Алдабергенұлы, Шәдітөре Жаһангерұлы, Ергөбек Құттыбайұлы, Мансұр Бекежанұлы, Ешнияз Жөнелдікұлы, Жүсіп Ешниязұлы, Омар Шораяқұлы, Тұрмағамбет Ізтілеуұлы, Оңғар Дырқайұлы, т.б. ақын-жыраулардың шығармаларындағы сарынмен түсіндіреді.

Кілт сөздер: Қорқыт ата, жыршылық-жыраулық дәстүр, мәдениет, өнер, Сыр бойы, түркі халықтары, тәрбие.

Дәйексөз үшін: Байбосынова Ұ.М. Қорқыт ата мұрасы және Сыр бойының жыршылық-жыраулық дәстүрі // Мәдени мұра. 2024. №2 (105). 81-98 б. (қаз.)

DOI: <https://doi.org/10.47500/2024.v18.i2.06>

Кіріспе

Сыр бойы қазақтарының жыршылық-жыраулық дәстүрінің ерте тарихын, оның даму үрдістерін қарастырғанда көптеген тұжырымды зерттеулер мен арнайы еңбектер бар. Бұл жыршылық дәстүрдің басқа өңірлерден ерекшеленетін тұстары өте көп. Мұндай ерекшеліктерді қазіргі Сыр сүлейлерінің бізге жеткен мұрасын қарастыра отырып, көне замандарда бұл дәстүрдің тарихының тереңде екенін аңғартады. Осы ретте «Қорқыт ата кітабының» жыраулық өнердің алғышарты ретінде қарастыру тарихи және мәдени тұрғыдан да маңызды.

Көне Оғыз заманынан жалғасып келе жатқан дәстүрлі өнерді Сыр бойы қазақтарының жыраулық өнерінен бөліп қарастыру мүмкін емес. XIX ғасырдағы жыраулардың мысалында жан-жақты талдау және Қорқыт ата кітабын арнайы дерек ретінде көрсету тарихнамалық және методологиялық тұрғыда орынды. Түркі халықтарының барлығына ортақ мұраның дерек ретінде қолданылуы зерттеу мақаланың шынайылығын арттырады. Қорқыт ата мұрасын Сыр бойы жыршылық өнерінің көне дерегі ретінде талдау сол замандағы Махмұт Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрік» сынды еңбектерімен салыстырып, сол кездегі Түркістан-Тұран аймағының мәдени әлеуетінің жоғары болғанын көрсетеді. Ал, түркі жұртына ортақ мұраның Сыр бойында сақталуы күрделі мәдени трансформациядан өткен мәдениеттің көрнекті үлгісі ретінде қарастыруға болады. Бұл аймақта (Сырдария мен Әмудария ортасын) мекендеген халықтардың бір кездері мәдени оқшаулану жағдайында болғанында көрсетеді. Себебі Арал-Каспий аймағы, Атырау-Алтай сияқты территориялық

өлшемдерді ұстанғанда мәдени ошақ ретінде түркілік мұраның Сыр бойында сақталып қалғаны қызықтырады.

Материалдар мен әдістер

Мақаланың материалдық базасын екі топқа бөліп қарастырылады. Деректік материалдың алғашқы тобына «Қорқыт ата кітабы» (Қорқыт ата кітабы, 1986), Махмұд Қашқаридің «Диуани лұғат ат Түрік» атты еңбегіндегі ортақ түркілік нақыл сөздер мен мысалдар келтіріледі (Қашқари, 1993), XIX ғасырдағы жыраулар шығармалары беріледі. Мысалы, Базар Оңдасұлының «Мәжілісін қыздыр алқаның», «Әр нәрсенің парқы бар», «Әр кемелге бір зауал», «Бұл дүниенің қызығы», «Өсиет», «Түбі туыс байтақ ел» т.б. толғау – термелері, Ақын Жүсіп Ешниязұлының «Әлеумет келді жиналып», «Адамдық пен надандық», «Сыр бойының сүлейлері», «Өмір сырлары», «Өсиет», т.б. толғау – термелері, Ақын Омар Шораяқұлының «Сөйле, тілім жосылып», «Ұстаздарым», «Әділ іс», «Өмір өрнектері», «Есіңе ал келешекті, жора – жолдас!», т.б. толғау – термелері дерек ретінде қарастырамыз. Берілген деректерді талдау үшін жалпы ғылыми әдістерді пайдаланылды. Соның ішінде пәнаралық байланысты қажет еткендіктен тарихнамалық талдауды қажет етеді. Мұнда тарихи салыстырмалы әдіс, зерттеудің дискурсивті әдістері, этнографиялық зерттеулер мен материалдарды сараптау, эпикалық шығармалардағы сюжеттердің шынайылық тұрғысында сыни талдаудан өткізу, Қорқыт ата кітабындағы деректер мен қазақ халқының жыр дастандарындағы өзара ұқсастықтар мен ерекшеліктердің жалпы түркілік дүниетаным тұрғысынан талдау басты назарға алынды.

Қазақтың жыршылық-жыруалық дәстүрінің терең тамырына зерттеу жүргізген еңбектердің саны жетерлік. Соның ішінде жыраулық дәстүрді Қорқыт есімімен байланыстарытын зерттеулер әр кезде өз жалғастығын тауып отырды. Мысалы, «Қорқыт ата кітабын» алғаш зерттеушілер қатарына В.В. Бартольдтың «Китаби Коркуд. Борьба богатыря с ангелом» (Бартольд, 1894: 203–208), В.М. Жирмунский «Огузский героический эпос и «Книга Коркута» (Жирмунский, 1962) сияқты ғалымдар өз еңбектерінде Қорқыт ата кітабын деректанулық тұрғыдан талдады. Ал ХХ ғасырдың екінші жартысында қазақ ғалымдарының ішінде Ә. Марғұланнның «Дана Қорқыт туралы» (Марғұлан, 1970), Ә. Қоңыратбаевтың «Қорқыт кітабы» жырлары (Қоңыратбаев, 1987: 168–178), «Қорқыт», (Қоңыратбаев, 1991: 86–91), «Эпос және оның айтушылары» (Қоңыратбаев, 1975: 14–19), Х. Сүйіншалиевтің «Қорқыт ата кітабы» (Сүйіншалиев, 1978: 38–40) сияқты көптеген зерттеу еңбектері мен мақалалары жарық көре бастады. Бұл зерттеу еңбектерінде Қорқыт ата кітабының мазмұны, оның фольклор тарихындағы орны мен маңызы түсіндірілді. Сол сияқты Ә. Марғұланнның «Халық музыкасындағы Қорқыт дәстүрі» атты еңбегінде музыкалық мәдениеттегі мен Қорқыт дәстүрінің маңыздылығы оның тарихылығы талданды (Марғұлан, 1985). Қорқыт ата кітабы түркі жұртына ортақ мұра болғандықтан оның тарихи дерек ретінде түрікмен, әзербайжан және басқа да көптеген халықтар өз тарапынан зерттеулер жүргізді. Мысалы, Х.Г. Көроғлы өзінің «Стилистические особенности «Книга моего деда Коркута» мақаласын жариялады (Көроғлы, 1975: 55–68). Сол

сияқты Ф. Зейналов пен С. Ализадениң «Неисчерпаемая сокровищница» мақалалары жарияланды (Зейналов Ф., Ализаде С., 1988: 5–28). Ал қазіргі кезде қорқыттану тұрғысынан А. Айдосовтың «Бессмертные наследие Коркута аты» (Айдосов А., 2000: 68–70), С. Алиеваның «Дастаны Книга моего деда Коркута» как объект исследования русско-советского востоковедения (в свете современных достижений коркутоведения)» зерттеу жұмыстары ғылыми көпшілікке таныстырылды (Алиева, 2014: 348–353). Сонымен қатар, соңғы кездері түркиялық авторлардың Қорқыт ата кітабына арналған зерттеулері бар (Köse, 2020: 71–81).

Талқылау

Әлем өркениетінің тарихи-географиялық кеңістігіндегі түркі халықтарының фольклоры мен әдебиеті мұралары арқылы адамзат ұрпақтарын адамгершілік, имандылық қасиеттер ықпалымен тәрбиелеп қалыптастыру, өркендету үздіксіз жалғасып келеді. Сөз өнері мұралары арқылы ата-бабалық тектілік қасиеттерімен (адалдық, еңбексүйгіштік, жомарттық, қайырымдылық, татулық, т.б.), үлгілі мінез – құлық психологиясымен (жігерлілік, сабырлылық, төзімділік, қанағатшылдық, т.б.), сұлу өмір сүру ұлағатын насихаттау тұрақты дәстүр болып қалыптасқан.

Сөз өнерінің поэтикалық – педагогикалық ұлағатымен әңгімелеу және жырлау ықпалымен ұрпақтарды тәрбиелеуде түркі халықтарының фольклоры мен әдебиеті мұралары ғасырлар бойы белсенді қызмет еткендігі тарихи шындық. Түркі өркениетінің ғұлама зерттеушісі Махмуд Қашқаридың «Түркі тілдерінің сөздігі» («Диуани лұғат ит түрк») атты

кітабындағы мақал-мәтелдер жалпы түркілік тәлімгерлік - тәрбиешілік өнеге бастау болғандығы ақиқат:

«Құс қанатымен, ер атымен. Батыр – соғыста, қорқақ – жанжалда. Еңбекқордың еріні майлы, жалқаудың басы қанды. Айламен арыстан ұстар, күшпен құрт та ұстай алмас. Адам аласы ішінде, жылқа аласы сыртында. Белгі болса, жолдан адаспас, білімді болса сөзден жаңылмас. Қонақ келсе құт келер. Батыр жігітті қорлама, сәйгүліктің арқасын жауыр қылма. Тай өссе ат тынығар, ұл өссе әке тынығар. Кеңесті білім оңалар, кеңессіз білім бұзылар. Қарға қазға еліктесе, бұты (сирағы) сынар. Үлкенді сыйласа құт болар. Тезек қарда жатпас, жақсы мен жаман қосылмас. Қарияның сөзі бекер болмас, жалғыз шыбық бақша болмас. Құстың жаманы-сауысқан, ағаштың жаманы-азған (итмұрын), жердің жаманы қаз (ыл) ған, адамның жаманы барсыған (дықтар). Қырдағы қырғауылды аулаймын деп, үйдегі тауығыңды ұмытпа. Ақылды сөз алтын табаққа жеткізер, атаның ұлы атасына тартып туар. Кішкентай үлкенге қарсы тұрмас, қырғи сұңқарға қарсы шыға алмас. Тау тауға қауышпас, кісі мен кісі қауышар. Көрпеден артық көсілген аяқ үсір. Арыстан күркіресе, аттың аяғы солар. Жаттың майлы бөкпенінен жақыныңның қанды жұдырығы жақсы. Құлан құдыққа түссе, құрбақа айғыр болар. Арыстан қартайса, тышқанның інін аңдыр. Кең (тігілген) тон тозбас, кеңесілген іс бұзылмас. Сүзеген сиырға тәңірі мүйіз бермес. Хас батыр өткінші жаңбырдай, білімді мірдің оғындай. Екі қошқардың басы бір қазанда піспес (қайнамас)» (Қашқари, 1993: 33–71). Түркілік дүниетаным бастаулары болып саналатын мұндай мақал-мәтелдер туысқан халықтардың

кейінгі ғасырлардағы ақын-жырауларының шығармашылығына көркемдік негіз болғандығы – тарихи дамудың жемісі. Әсіресе, барлық туысқан түркі халықтарының ортақ абызы-қайраткері, ақыны-жырауы, композиторы болып саналатын Қорқыт Ата шығармашылығының (Қорқыт ата кітабы, 1986) көркемдік негізі де аталған халық даналығының үлгілері болғандығы айқындалады.

Өткен мыңжылдықтар белестерінде көшпелілік пен отырықшылық мәдениет тұтастығы дәстүрімен өмір сүрген түркілік тарихи кеңістікте де қазақ өркениетінің сөз өнері мұралары эстетикасының ықпалымен халықтық – педагогикалық тәлім-тәрбие беру дәстүрі үздіксіз жалғасып келеді. Ұлы Даланың негізгі иесі – қазақ халқы. Түркі халықтарының бәрінің де Атажұрты – қазақ даласы. Әлем поэзиясының классигі Мағжан Жұмабаевтың «Түркістан» өлеңіндегі қамтылған Тұран-Түркістан тарихнамасы – жалпы түркілік сөз өнері мұраларының алтын арқауы. Тұранның – Түркістанның кең-байтақ далалары, өзендері (Оқыс, Яксарт-Жейхун, Сейхун, т.б.), көлдері (Теңіз (Балқаш), Арал), таулары (Тянь-Шань, Хантәңірі, Тарбағатай, Памир, Алтай, Қазығұрт), патшалары-қағандары (Афрасиаб патша, Шыңғыс қаған, Ақсақ Темір, Қасым хан, Хақназар, Әз-Тәуке, Абылай, Кенесары, т.б.), ғалымдары (Әл-Фараби, Ибн Сина, Әбуғали, Ұлықбек, т.б.) – қазақ сөз өнері шығармаларының арқауы болып келеді. Мағжанның осы өлеңіндегі «Көп түрік енші алып тарасқанда қазақта қарашаңырақ қалған жоқ па?»- деген тармақтар (Жұмабаев, 1989: 175) түркі халықтарына ортақ Атажұрттың тұғырын даралай көрсетеді. Сырдария өзені жағалау атыраптарын ғасырлар

бойы мекендеп келе жатқан ежелгі Тұран-Түркістан кеңістігіндегі жыршылық – жыраулық дәстүрдің өнернамалық болмысын бағалауда біз осы тарихи сабақтастық өзектілігін анық көреміз.

Мәдениеттану, өнертану, фольклортану, әдебиеттану, тарих, этнология – этнография ғылымдары салалары зерттеулері нысанына жыршы – жыраулар шығармашылығының алынып келе жатқандығы мәлім. Бұл – қазақ даласының барлық өңірлеріндегі жыршылық – жыраулық дәстүр аясындағы эпик орындаушылық өнер мектептерінің қалыптасуы мен дамуы кезеңдеріне негіз болып келе жатқан тарихнама. Түркі өркениетіндегі жыршылық-жыраулық өнер тарихнамасының бастау тұлғасы – Қорқыт Ата. Оның дәстүрі әуелде Сырдария және Әмудария өзендері аралығындағы және Арал теңізі атыраптарындағы ауылдарда негізі қалыптасты. Халықтың тыңдаушылық қабылдау психологиясы ықпалымен Ұлы Даланың кең-байтақ кеңістігіне таралған Қорқыт Атаның жыршылық-жыраулық дәстүрі алтын бесік Алтай, Солтүстік Шығыс, Оңтүстік Шығыс, Азия елдеріне кеңінен таралып танылды. Оның абыз-ақылман, тәрбиешілік – кеңесшілік қайраткерлігі, суырып салма ақындығы – жыраулығы, жыршылығы және қобыз әуендерімен тұтастыра толғап жырлау дәстүрі Еуразия кеңістігіндегі жалпы түркілік жыршылық – жыраулық өнер құдіретімен жалғасып келеді. Өнертанушы ғалымдар зерттеулері бойынша Қорқыт Ата қобызының үлгісімен әлемдегі әралуан үлгідегі ішекті аспаптардың (скрипка, виолончель, т.б.) дамығаны да дәлелденуде.

Мыңжылдықтар бойы Азия, Еуропа,

Америка құрлықтары халықтарының эстетикалық дүниетанымы дамуына ықпал жасап келе жатқан Сыр бойы Қорқыт Ата дәстүріндегі жыршылық – жыраулық өнер болмысының поэтикалық-өнернамалық мынадай көркемдік – эстетикалық жүйесі саралана көрінеді:

- біріншісі, Қорқыт Атаның педагогикалық – философиялық, поэтикалық-психологиялық көркем мағыналы афоризмдері-нақыл сөздері («Қорқыттың нақыл сөздері») (Қорқыт ата кітабы, 1986) негізіндегі толғау – термелердің жырлануы;

- екіншісі, «Қорқыт Ата кітабындағы» он екі сала қаһармандық эпос сарынындағы батырлық жырлардың дәстүрімен қаһармандық – батырлық жырларды, сонымен бірге ғашықтық қисса – дастандарды жырлау.

Сыр бойындағы жыршылық-жыраулық өнер осындай тарихи негізділігімен ерекшеленеді. Сырдария өзенінің жоғарғы, орта және төменгі ағыстары жағалау өңірлеріндегі, Қаратау атырабындағы, Арал теңізі жағалау алқаптарындағы ақындардың толғау-термелері мен эпикалық дастандарды Қорқыт Ата мұралары сарынымен жырлауы тарихи-поэтикалық дәстүрдің негізгі көрсеткіші болып табылады.

Сырдария өзенінің жоғарғы, орта, төменгі ағыстары жағалау атыраптарындағы ақын, жырауларын қазақ әдебиеті тарихының көрнекті шығармашылық тұлғалары қатарына жатқызамыз. Сырдария өзенінің жоғарғы, орта ағысы өңірлеріндегі ақындар (Майлықожа Сұлтанқожаұлы, Мәделіқожа Жүсіпқожаұлы, Құлыншақ Кемелұлы, Молда Мұса (Мұсабек) Байзақұлы, Құлан Алдабергенұлы, Шәдітөре Жаһангерұлы, Ергөбек

Құттыбайұлы, Мансұр Бекежанұлы, Ешнияз Жөнелдікұлы, Жүсіп Ешниязұлы, Омар Шораяқұлы, Тұрмағамбет Ізтілеуұлы, Оңғар Дырқайұлы, т.б.) Арал теңізі төңірегіндегі ақындардың, жыршы - жыраулардың (Мұсабай, Жаңаберген, Нұртуған, т.б.) толғау – термелері мен эпикалық дастандары, XIX-XXI ғасырлардағы жыршы-жыраулардың орындаушылық өнері арқылы ұрпақтар дүниетанымын кеңейтуге мол үлесін қосып отыр.

Қазақ өркениеті тарихындағы ақын, жырау, жыршы тұлғалардың шығармашылық ерекшеліктерін тарихи - поэтикалық, фольклорлық - этнографиялық тұрғыда қарастырған көрнекті ғалымдарымыздың (Ә. Марғұлан, Ә. Қоңыратбаев, Е. Исмайылов, М. Ғабдуллин, Р. Бердібаев, М. Мағауин, А. Қыраубаева, Б. Абылқасымов, т.б.) іргелі зерттеу еңбектерінде аталған шығармашылық тұлғаларға ортақ ерекшеліктер де, әр бір тұлғаның даралықтары да арнайы саралана бағаланғаны мәлім. Бұл арада, Сыр бойындағы жыршылық – жыраулық өнер тұтастығының айрықша сақталып келе жатқандығын айтамыз. Сыр бойындағы жыршылық-жыраулық өнер тұтастығы дәстүрін бағалауда көрнекті ұстаз-ғалым, академик Рахманқұл Бердібаевтың ғылыми тұжырымын негізге алуды жөн көреміз: «Жыраулық әрі ақындық, әрі эпикалық толғаулар шығарғыштық қабілеті өнер иесі атаулының бәрінде бірдей кездесе бермейді. Сондықтан кейінгі замандарда өз жанынан өлең шығармаса да, ежелгі батырлық эпосты көп білетін жыршыларды да «жырау» деп атау орын алған. Сыр бойында Қарақалпақстанда күні бүгінге дейін белгілі жыршыларды жырау деп

атайды. Шындығында бұларда ежелгі жыраудың көп қырлы қасиеті табыла бермейді, өнерінің басым сипаты жыршылық болып келеді. Кей жағдайда жыршылардың ақындық дарыны да қатар келген жерде олар «жырау» атағына жақындайды. Дегенмен, қазіргі жыршы - жыраулар ұғымы жыраудың классикалық анықтамасынан қаншалық алыстап кеткендігін көруімізге болады. Мұның өзі терминнің эволюциясын, өзгерісін байқатса керек.

Осы жағдайды ескере келгенде, эпосты жатқа айтатындарды жыраулар демей, жыршылар деп атаған анағұрлым әлдірек болмақ. Тіпті болмағанда «жыршы – жыраулар» деп қосарлап тіркеп көрсеткен жөн» (Бердібаев, 1980: 12–13). Демек, біз де ғалым – ұстаздың осы жыршы - жыраулар терминдік атауының Сыр бойындағы көрнекті ақын шығармаларын халық ортасында жырлаушыларға лайықты екендігін дұрыс көреміз.

Қазақ әдебиетіндегі адамгершілік – имандылық қасиеттер ұлағатын шығармалардың идеялық-композициялық арқауына алуда Сыр бойында өмір сүрген Қорқыт Ата афоризмдерінің-нақыл сөздерінің көркемдік негізділігі анық: «Тәңіріне сыйынбаған адамның тілегі қабыл болмайды. ... Менмен тәкәппар адамды Тәңірі сүймейді. ... Күлді қанша үйгенмен төбе болмас. Қара есектің басына жүген таққанмен тұлпар болмас. Күнге сары пай шапан жапқанмен-бәйбіше болмас. ... Тозған мақта бөз болмас, ежелгі жау ел (дос) болмас. ... Мыңғырған мал жиғанмен, адам жомарт атанбас. Анадан өнеге көрмеген қыз жаман, атадан тағылым алмаған ұл жаман. ... Қолына қобыз ұстаған ұзан елден-елге, бектен-бекке барады. Кімнің батыр, кімнің бақыл екенін жырау білер

» (Қорқыт ата кітабы, 1986: 7–8).

Сыр бойы ақындарының жыршы - жыраулары жырлап келе жатқан толғау-термелердің көркемдік негізі осы Қорқыт Ата нақылдарынан-афоризмдерінен бастау алып, Алтын Орда, Қазақ хандығы дәуірлеріндегі жыраулардың (Сыпыра, Асан Қайғы, Шалкиіз, Қазтуған, Марғасқа, Жиёмбет, Үмбетей, Бұқар, т.б.) шығармашылығымен жалғасты. Бұл дәстүр қазақ даласының барлық өңірлеріндегі жыршы - жыраулардың, ақындардың шығармашылығымен жалғаса дамып келеді.

Сыр бойы жыршы - жырауларының орындаушылық дәстүрі арқауында Майлықожа ақынның философиялық, дидактикалық, толғау-термелеріндегі («Не жүйрік өтті дүниеден», «Жолдас болсаң жақсымен», «Әдемі сөз жайылсын», «Биікке шықсаң бекінгін», «Ілімге толсын көкірек», «Ажал бір келмес болсайшы», т.б.) адамгершілік – имандылық қасиеттердің ұлықтала насихатталуы – ғасырлар ұрпақтары жалғасуының берік сақталуына ықпал етуімен маңызды. Майлықожа терме - толғауларын орындаушы жыршы-жыраулар ақынның педагогикалық - философиялық сарындарын әуезді мақам - саздармен өрнектей жырлауымен жаңа буын ұрпақтарды еңбексүйгіштікке, халыққа адал қызмет етуге үндейді. Білім, ғылым негіздерін игеруді, атаны, ананы құрметтеуді, отбасы берекесін сақтауды, ағайынды, ауылдасты құрметтеуді, мағыналы өмір сүруді насихат етеді:

... Өсіріп көңіл күш қылма,
Өлмеймін деп іс қылма.
Көріпті көрсең қадір тұт,
Қалжыңдап салма мысқылға.
Қоғамды болғын халқыңа,
Жыландай шағып ысқырма.
«Жаз өтпес» деп, жалқау боп,

Қыс қалтырап қысылма!
...Өтірік жалған сөйлесең,
Қысқарар халыққа тіліңіз.
Бас кетсе де шын сөйле,
Бәрінен артық мұныңыз.
Әдеп, тәлім, үлгі алып,
Ғалымдармен жүріңіз.
Ауыл, әйел, мал, перзент,
Аға менен ініңіз.
...Туғаныңнан қуанған,
Дүние, малын бұланған,
«Есен болса екен» деп,
Алладан медет сұранған.
...Жыласаң көңілі жүдеген,
Қуансаң тасып үдеген.
Көрігіңе көңілі өсіп,
Құдайдан өмір тілеген.
Атаңдай құбыла қамқоршың,
Табылмас мынау дүниеден.
Мейірбаның жан ата,
Атаң да өлмес болсайшы,
Қасіретті көңілге,
Қапа да келмес болсайшы
(Майлықожа, 2005, 84–88).

Қорқыт Ата мұрасы дәстүрі аясындағы шығармашылық өнер иелері болып танылған ақындарды, жыршы – жырауларды Сырдария өзенінің төменгі ағысы өңірлеріндегі халық арасында «Сыр сүлейлері» деп атау тұрақты сақталып келеді. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» анықтамасы бойынша: «Сүлей: жыршы, суырып салма, жырау» (Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 2008: 750). Сыр сүлейлері мектебінің көшбасшысы Базар Оңдасұлының толғау – термелері («Мәжілісін қыздыр алқаның», «Әр нәрсенің парқы бар», «Әр кемелге бір зауал», «Бұл дүниенің қызығы», «Өсиет», «Түбі туыс байтақ ел» т.б.) жас ұрпақты ата-бабалық қасиетті дәстүрлер рухымен тәрбиелеу ұлағатын насихат етеді. Сол арқылы халықтың қабылдау ықыласын иеленгені мәлім.

Жыршы-жыраулардың орындаушылық өнерімен тыңдаушыларының жан ділі әлемін баураған Базардың толғау-термелері – халықтық-педагогикалық ықпалымен маңызды:

...Алмас қылыш сыналмас,
Айқасқан жерден аршындап.
Қиялай тартып шаппаса,
Ақберен мылтық сыналмас.
Сығалай көздеп сұр мерген,
Асырымнан атпаса.
Сыналмайды ер жігіт,
Ерте тұрып, кеш жатып,
Күнара зорға нәр татып,
Қабағы әбден қатпаса.
Аңсыраған қыранға-
Айнадай болар жер дүние-
Аспанда ұшып қалықтаса.
Еңбексіз тапқан дүниенің,
Қадірі болмас кісіге,
Жоқтықтың зарын тартпаса.

...Ердің атын шығарар,
Алған жары ақылды,
Өзіменен тең болса.
Жігіттің басын кемітер,
Жаман туса баласы,
Әйелі шайпау өр болса.
...Жақсыменен бас қосып,
Сұхбаттассаң тарқайды,
Көкіректе шер болса.
...Ер жігітке қол байлау,
Айдар малдан кем болса.
Жақсыға жаман теңелер,
Айдарына мал болса (Базар жырау,
1986: 23–27).

(«Құмарын тарқат алқаның »)

Ақын Жүсіп Ешниязұлының толғау – термелері («Әлеумет келді жиналып», «Адамдық пен надандық», «Сыр бойының сүлейлері», «Өмір сырлары», «Өсиет», т.б.) жылдар бойы ұрпақтар тәлім-тәрбиесінің қуатты құралы қызметін атқарып келеді. Адамдардың әлеуметтік – қоғамдық ортадағы тұрмыстық қарым –

қатынастары жүйесіндегі адамгершілік қасиеттерін бағалаушы халықтық көзқарастар ақынның философиялық тұжырымдарымен өрнектеле жырланған. Жыршы – жыраулардың ақын толғау – термелерін әралуан жастағы көпшіліктің ортасында сөз бен саз – мақам тұтастығымен орындауы арқылы халықтық тәлім – тәрбие ұлағаты тыңдаушылардың санасын сәулелендіре түседі:

Көңілім – гүл, өмірім – бақша, тілім – бұлбұл,

Адамзат осы үшеуімен жайнайды гүл.

Өмірі адамзаттың жаз бен қыстай,
Гүлденіп тұрады ол жасап жыл – жыл.

Жапанның жайсыз жатқан даласындай,

Көрінед өткен өмір бұлдыр – бұлдыр.

Бұлтартпай сол бұлдырмен жүргеніңде,

Ордаңдап ор қояндай өмір зырғыр.

Өң бермей өтінішке өте шығар,

Жалынып десең-дағы «Өмір құрғыр!».

Қызылдың жол асатын қиясындай,

Артында талай заман қалар қыр – қыр.

Сүргінде соныменен жүргеніңде,

Аяққа айырылмастай түсер шылбыр.

Тотыдай торға түскен отырарсың,

Рас сөз, ақылыңмен аңда, шын біл.

Қызықты қызық көрер шағың осы,

Ертерек, есің болса, мұны бір біл.

«Темірді қызған кезде соқ!» - деген бар,

Жастарым, ойна да күл, ойла да біл!» (Кете, 2003: 22–23).

(«Өмір сырлары»)

Ақын Омар Шораяқұлының толғау – термелерін («Сөйле, тілім

жосылып», «Ұстаздарым», «Әділ іс», «Өмір өрнектері», «Есіңе ал келешекті, жора – жолдас!», т.б.) Сыр бойы жыршы – жыраулары жылдар бойы халық ортасында тұрақты жырлап келеді. Ақынның толғау - термелеріндегі ұрпақтың жақсылық пен жамандық қасиеттер қайшылықтары, қақтығыстары ортасынан өнегелі өмір сүру жолын таңдай білуді насихаттаған ойларын жыршы – жыраулар өнер қуатымен жас ұрпақтың санасына сіңіріп келеді:

Әділ іс – ағын судың арнасындай,
Әділ сөз – болат семсер алмасындай.
Пайда етпе өне бойы өтірік айтып,
Жаласы қалмас бір күн

жармасылмай.

... Жалған сөз жасырынбас жапсаң-
дағы,

Шулаған өлімтіктің қарғасындай.
Қараулық қолындағы ескектей-ақ,
Әділ сөз алыс жолдың арбасындай.
Алғанға ақыл артық айнымайтын,
Шаң соқпас сабат жердің

ордасындай.

Ашудың арты ашық өткіншідей,
Түнеріп жаумай тынбас

бұрқасындай.

Аса артық ақымаққа ашу бітер,
Арнаның бұрып аққан ормасындай.
Және де жағымпаздық, құр қошемет,
Жалған сөз жалдаптардың

жарнасындай.

Жігітке жаңғалақтық жараспайды,
Сиырдың тайында емген

ардасындай.

Түпсіз ой, тұрақсыз іс, білімсіз күш,
Қалбиған қарақшының
жалбасындай.

Білгенге білім – байлық бағасы
артық,

Салмағы сан жетпейтін қорғасындай.
Үйренсең, өрен, білім – өшпес мұра,
Таусылмас тау кенінің қордасындай

(Шораяқ, 1995: 19-20).

(«Әділ іс»)

Сыр бойы ақындарының классикалық әдеби дәстүрлерді игеруінің көп басындағы көрнекі ақын Тұрмағамбет Ізтілеуовтің толғау - термелері («Адамдық іс», «Қайрама халыққа тісінді», «Қайтсең де өз халқыңа қызмет қыл», «Қамын ойла халқыңның», «Арқанның ауруы не қозбайтұғын?», «Өрелдің бар бұлбұлы», «Шөлмек», «Адам», т.б.) ХХ ғасырдың екінші жартысы мен қазіргі ХХІ ғасыр басындағы қазақ ұрпақтарына адамгершілік асыл қасиеттері ұлағатын ұлықтау жырлары болып танылды. Сыр бойы жыршы - жырауларының орындаушылық өнері арқылы барлық жастағы адамдардың әлеуметтік-қоғамдық ортасында үздіксіз жырланып келе жатқан Тұрмағамбет ақынның толғау - термелері ұлттық тәлім - тәрбие берудің қуатты құралы болуы қызметімен айрықша даралана бағалануда:

Күн шықса, нұр қашады Айдан-
дағы,

Жарлы артық, қайыры жоқ байдан-
дағы.

Бұрынғы қариялардан қалған нақыл,
«Бұл сөзді таптың, - деме – қайдан
тағы?».

Тұлпардың тұқымының туымы бар,
Белгілі ат болуы тайдан-дағы.

Алда – аға, артта – іні болып тұрса,
Жігітке ол бір құрал, саймандығы.

Деген бар: «Төртеу түгел – төрте
шығар!»

Төрің сол – бақыт құсы айналғаны.
Алтау боп – аузын ала бола қойса,
Дұшпанға құл боп анық байланбағы.
Кейбіреу сәл бақытқа мас болады,
Шабалдай шалпылдаған қайраңдағы.
Адамдық иісіңе жұрт аңсап тұрсын,
Не керек, қарныңның құр
майланғаны?!

Көңіліне: «Мен де адаммын!» деп жүрген көп,

Кілегей майға ұқсаған айрандағы.

Ер болсаң, елің үшін ет қызмет,

Сыбанып білегіңді сайлаң-дағы
(Ізтілеуов, 1972: 27).

(«Адамдық іс»)

Арал теңізі төңірегіндегі ақындар мектебінің көшбасшысы Нұртуған Кенжеғұлұлының толғау – термелері («Жыр бастау», «Адамгершілік туралы», «Адам болсаң, сыпайы бол!», «Жақсы мен жаман туралы», «Қадірін шайырлықтың бағалайық», «Адалдық пен арамдық», «Болады ер бағына өнер серік», «Домбыраңды қолға алшы!», «Кәнекей, сөйле, қызыл тіл!», «Адаспайды ақылды», «Жігіттерге өсиет», «Құлақ салып, сөз тыңда!», т.б.) талай жаңа буынға адамгершілік асыл қасиеттерді ұғындыру насихатын танытып келеді. Арал теңізі атырабындағы Сыр сүлейлерінің өнер мектебінен түлеген жыршы - жыраулардың орындаушылық өнері арқылы ата - бабалық тәлім - тәрбие ықпалын арқау еткен Нұртуған ақынның толғау - термелері тыңдаушылардың жан ділін айрықша баурайды:

Құлақ салып сөз тыңда,

Бұл жайында аға - іні - ай!

Асылзатты айтайын,

Әрқайсысын өз алдына-ай.

Назбедеу атта күй болмас,

Беде жемге бағылмай.

Кезеген өркеш, астау бас

Тарта алмайды азыңды.

Сырымасаң қалыңнан

Жабу, белдік, жазымы.

Құлжа мойын, бөкен сан

«Төбет» деп бақпа тазыны.

Аршын мойын сұңқарды

Аңға салма қайырмай.

Он екі түн от жағып

Ұйқысынан айырмай.

Ақ ирек алмас қылышты

Құр сақтама қырында –ай.

...Әр ұлттарда адам бар,

Атағы шыққан дауылдай.

Данышпан небір көсем бар,

Болған қамқор қауымға.

Жаман тума таласар

Сол ерлердің бағына.

Мезгілдік жерге жол жүрсе,

Ере алмайды шаңына.

Құр кеудесін көтерер,

Белбеуін ұстап ауылда.

...Жүйрік, жүйрік болмайды

Думанда байтақ шабылмай.

...Кәнекей, сөйле, қызыл тіл,

Өнеріңді көрем деп,

Түс – тұстан халқың ағылды – ай!

(Кенжеғұлұлы, 1994: 236–237).

(«Құлақ салып сөз тыңда»)

Қорқыт Ата дәстүрін дамыта жалғастырған Сыр бойы жыршы - жырауларының шығармашылығында олардың дастандарды орындайтын жыршылығы айрықша орын алады. Көп ғасырлық тарихы бар түркі халықтарының Атажұрты Ұлы Даланың жыршы – жыраулары фольклор мен әдебиет мұралары құрамындағы эпикалық туындыларды жырлау дәстүрін дамытып, қазіргі біздің дәуірімізге жалғастырып отыр. Осы арада көрнекті түркітанушы – шығыстанушы ғалым Әуелбек Қоңыратбаевтың «Эпос және оның айтушылары» атты еңбегінде академик Әлкей Марғұланның оғыз – қыпшақ эпосын дәуірлеген жүйесінің (1) Атам заманғы эпос (VI – XII ғғ). 2) Тарихи дәуірде туған эпос (XIII – XIVғғ). 3) Ноғайлы эпосы (XIV – XVI ғғ). 4) Жоңғар соғысымен байланысты туған эпос (XVIIIғ). 5) Ішкі қанаушы мен хандарға қарсы күресті суреттейтін эпос. 6) Кеңес заманында туған эпос) тарихилыққа негізделгенін мақұлдайды. Ғалым -

